

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс
саласындағы мемлекеттік нормативтер
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
НОРМАТИВТІК–ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛЫ

Государственные нормативы в области
архитектуры, градостроительства и строительства
НОРМАТИВНО–ТЕХНИЧЕСКОЕ ПОСОБИЕ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

БОЛАТ КОНСТРУКЦИЯЛАРДЫ ЖОБАЛАУ. БОЛАТ РЕЗЕРВУАРЛАР БӨЛІМІ

ПРОЕКТИРОВАНИЕ СТАЛЬНЫХ КОНСТРУКЦИЙ. ЧАСТЬ. СТАЛЬНЫЕ РЕЗЕРВУАРЫ

ҚР НТҚ 3-04.2.1-2012
(ҚР ҚН EN 1993-4-2:2007/2011 әзірленген)
НТП РК 03-04.2.1-2012
(к СН РК EN 1993-4-2:2007/2011)

Ресми басылым
Издание официальное

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің
Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер
ресурстарын басқару комитеті

Комитет по делам строительства, жилищно-коммунального
хозяйства и управления земельными ресурсами
Министерства национальной экономики Республики Казахстан

Астана 2015

АЛҒЫ СӨЗ

1. **ӘЗІРЛЕГЕН:** «ҚазҚСҒЗИ» АҚ, «Астана Строй-Консалтинг» ЖШС
2. **ҰСЫНҒАН:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің Техникалық реттеу және нормалау басқармасы
3. **БЕКІТІЛІП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің 2014 жылғы 29-желтоқсандағы № 156-НҚ бұйрығымен 2015 жылғы 1-шілдеден бастап
4. **ЕНГІЗІЛДІ:** Алғашқы рет

ПРЕДИСЛОВИЕ

1. **ПОДГОТОВЛЕН:** АО «КазНИИСА», ТОО «Астана Строй-Консалтинг»
2. **ПРЕДСТАВЛЕН:** Управлением технического регулирования и нормирования Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан
3. **ПРИНЯТ И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ:** Приказом Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства Национальной экономики Республики Казахстан от 29.12.2014 № 156-НҚ с 1 июля 2015 года
4. **ВВЕДЕН:** Впервые

Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	V
1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ.....	1
2 НОРМАТИВТІ СІЛТЕМЕЛЕР	3
3 ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАУЛАР, ҰҒЫМДАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР.....	4
3.1 Терминдер мен анықтамалар.....	4
3.2 Анықтамалар мен қысқартулар.....	6
4 ӨЛШЕМ БІРЛІГІ	9
4.1 Өлшеу бірлігі	9
4.2 Домалақ резервуарларға арналған резервуар координаттарының ортақ жүйесі үшін қабылданған ережелер	9
4.3 Тіктөртбұрыштың резервуарларына арналған координаттардың ортақ жүйесі үшін қабылданған ережелер	10
4.4 Домалақ және тіктөртбұрышты резервуардың құрылымдық элементтер координаттарының жергілікті жүйесі үшін қабылданған ережелер	11
4.5 Басты кернеулер (дөңгелек және тікбұрышты резервуарлар үшін) үшін қабылданған ережелер (келісімдер)	13
5 ЖОБАЛАУ НЕГІЗДЕРІ	16
5.1 Негізгі талаптар	16
5.2 Сенімділік деңгейі	16
5.3 Шектік жай-күйлер.....	17
5.4 Қоршаған ортаға ықпалы мен әсері	17
5.5 Материалдардың сипаттамалары.....	17
5.6 Геометриялық параметрлер	17
5.7 Модельдеу (есеп схемалары) және резервуарды есептеу.....	17
5.8 Сынақ негізінде жобалау	18
5.9 Шектік жағдайдарды тексеру кезінде ықпал етуді (жүктемелерді) ескеру	18
5.10 Ықпал етулердің (жүктемелердің) амалдары	20
5.11 Ұзақмерзімділігі	21
6 МАТЕРИАЛДАРДЫҢ СИПАТТАМАСЫ	22
6.1 Жалпы ережелер	22
6.2 Конструкциялық болаттар	22
6.3 Кернеумен жұмыс істейтін резервуарлар үшін қолданылатын болат.....	22
6.4 Тот баспайтын болаттар.....	23
6.5 Соққы тұтқырлығы бойынша талаптар	23
7 КОНСТРУКЦИЯНЫ ЕСЕПТЕУ НЕГІЗДЕРІ.....	25
7.1 Көтергіш қабілеттің шектік күйлері	25
7.2 Дөңгелек резервуардың қабықшасын есептеу.....	26
7.3 Тікбұрышты резервуардың қорабтық конструкциясын есептеу	29
7.4 Бүрме парақтан жасалған қаптаманың балама ортотропты қасиеттері	30
8 ЦИЛИНДР ҚАБЫҚТАРДЫ ЖОБАЛАУ	31

8.1 Негізгі ережелер	31
8.2 Цилиндр қабықтар түрлері	31
8.3 Резервуар қабырғасының көтеру қабілеттігі	32
1 МЫСАЛ Цилиндр резервуардың изотропты қабырғасын есептеу	32
8.4 Тіреулер мен и қуыстар	74
2 МЫСАЛ Резервуар қабырғасындағы қуыстар мен ойықтарды күшейту	78
8.5 Қолдану жарамдылығының шекаралық күйлері	87
9 КОНУСТЫҚ ПІШІНДІ ШҰҢҒЫМАЛАРДЫ ЖОСПАРЛАУ	88
10 ДӨҢГЕЛЕК ҚАҚПАҚТАРДЫ ЖОСПАРЛАУ	89
10.1 Негізгі ережелер	89
10.2 Қақпақтың құрылымды шешімі	89
10.3 Дөңгелек шатырға қойылатын талап	90
10.4 Шатырдың әртүрлі түрлерін жобалаудың ерекшелігі	90
10.5 Пайдаланушылық жарамдылық жөніндегі шекті жағдай	91
11 «ТҮП–ҚАБЫРҒА» ҚИЫЛЫСУ ТОРАПТАРДЫ (КЕРТІКТІ ТОРАП) ЖӘНЕ ТІРЕК САҚИНАЛЫ АРҚАЛЫҚТЫҢ ТОРАПТАРЫН ЖОБАЛАУ	92
12 ТІК БҰРЫШТЫ ЖӘНЕ ТЕГІС РЕЗЕРВУАРЛАРДЫ ЖОБАЛАУ	93
12.1 Негізгі ережелер	93
12.2 Резервуарлар түрлері	93
12.3 Тік қабырғалардың беріктігі	93
12.4 Қолдану жарамдылығының шектік күйлері	95
13 ЖОБАЛАУ КЕЗІНДЕГІ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ МОНТАЖДАУ ТАЛАПТАРЫН ЕСЕПКЕ АЛУ	96
14 ЖОБАЛАУҒА ОҢТАЙЛАНДЫРЫЛҒАН ТӘСІЛ	97
14.1 Жалпы ережелер	97
14.2 Стационарлы қақпақтың құрылымы	98
3 МЫСАЛ Сфералық шатырдың радиалды арқалықтары мен орталық сақинаның есебі	102
14.3 Қабықшаны жобалау	111
4 МЫСАЛ Оңайлатылған тәсілді пайдалана отырып резервуар қабырғасының қалыңдығын анықтау	111
14.4 Түбін жобалау	122
5 МЫСАЛ Параллель тіректерге дискретті тірелу кезіндегі түбін есептеу	124
14.5 Резервуардың анкерлі бекітілуі	130
А ҚОСЫМШАСЫ (<i>міндетті</i>) Резервуарларға ықпал ету	132
А.1 Жалпы ережелер	132
А.2 Ықпал ету және жүктеме	132
Б ҚОСЫМШАСЫ (<i>ақпараттық</i>) Отандық болат маркаларының аналогтары	136

КІРІСПЕ

Осы нормативті-техникалық құралды «Астана Құрылыс-Консалтинг» ЖШС-і «Қазақ құрылыс және сәулет ғылыми-зерттеу және жобалау институты» Акционерлік қоғамымен («ҚазҚСҒЗИ» АҚ) жасаған келісімшарт бойынша дайындаған.

Осы нормативтік-техникалық құрал ҚР ҚН EN 1993-4-2 «Болат құрылымдарды жобалау - 4-2 бөлімі: Резервуарлар» ережелерін дамыту мақсатында жасалды және сұйықтықтарды сақтау үшін дөңгелек және тікбұрышты болат резервуарларды жобалауға арналған.

Осы нормативтік-техникалық құрал 3 Еврокодқа сәйкес Қазақстан Республикасының ҚР ҚН EN 1993 құрылыс нормаларының нормативтік-техникалық құралдар тобының бөлімі болып табылады.

ҚР ҚН EN 1993 нормативтік-техникалық құралдар тобы – ҚР ҚН EN 1993 жобалау Қағидалары мен Ережелеріне сәйкес болат құрылымдарын есептеу мен құруға арналған кеңестерді; нормативтік сілтеме ақпаратты түсіндіруді; есептеудің сандық мысалдары; қосымша ақпараттық ақпаратты қамтитын нормативтік-техникалық құжаттар тізбесі.

ҚР ҚН EN 1993 нормативтік-техникалық құралдардың ережелері болат құрылымдардың көтергіш қабілетіне, қолдану жарамдылығына, ұзақмерзімділігі мен отқа төзімділігіне қойылатын талаптарды ғана қамтиды. Өзге талаптар ҚР ҚН EN 1993 нормативтік-техникалық құралдарында көрсетілмеген.

ҚР ҚН EN 1993 нормативтік-техникалық құралдарды төмендегі нормативтік-техникалық құжаттармен бірлесе пайдаланған жөн:

- ҚР ҚН EN 1990 НТЕ;
- ҚР ҚН EN 1991 НТЕ;
- ҚР ҚН EN 1992 - ҚР ҚН EN 1999 НТЕ, болат құрылымдарды және олардың элементтерін есептеуге тікелей қатысты бөлімдері;
- EN, ETAG, ETA стандарттары және өзге де болат құрылымдарына қатысты құрылыс бұйымдарына тиісті стандарттар.

ҚР ҚН EN 1993 нормативтік-техникалық құралдарын әзірлеу барысында «Болат құрылымдарды жобалау» ҚР ҚН EN 1993 20 бөлімінен өзге ҚР ҚН EN 1990, ҚР ҚН EN 1991 және EN 1090 құжаттары негізге алынды.

ҚР ҚН EN 1993 тобы 19 құралдан тұрады:

- ҚР ҚН EN 1993-1 нормативтік-техникалық құралы (12 құрал);
- ҚР ҚН EN 1993-2 нормативтік-техникалық құралы (1 құрал);
- ҚР ҚН EN 1993-3 нормативтік-техникалық құралы (1 құрал);
- ҚР ҚН EN 1993-4 нормативтік-техникалық құралы (3 құрал);
- ҚР ҚН EN 1993-5 нормативтік-техникалық құралы (1 құрал);
- ҚР ҚН EN 1993-6 нормативтік-техникалық құралы (1 құрал).

ҚР ҚН EN 1993-1 нормативтік-техникалық құралдарда арнайы болат ғимараттары мен құрылымдарға қатысы бар ҚР ҚН EN 1993 бөлімдеріне қолданылатын болат құрылымдарды жобалаудың нұсқаулары келтірілген:

- ҚР ҚН EN 1993-2;

- ҚР ҚН EN 1993-3;
- ҚР ҚН EN 1993-4;
- ҚР ҚН EN 1993-5;
- ҚР ҚН EN 1993-6.

Осы ҚР ҚН EN 1993-4-2 нормативтік-техникалық құралда приведены:

- ҚР ҚН EN 1993-4-2 көрсетілген дөңгелек және тікбұрышты резервуарларды жобалаудың Қағидалары мен Ережелері;

- ҚР ҚН EN 1993-4-2 көрсетілген жобалаудың Қағидалары мен Ережелерін дамытатын ережелер;

- ҚР ҚН EN 1993-4-2 көрсетілген жобалаудың Қағидалары мен Ережелерін толықтыратын кеңестер;

- жобалау тәжірибесінде ҚР ҚН EN 1993-4-2 ережелерін қолдануды бейнелейтін есептеудің сандық мысалдары келтірілген.

Осы нормативтік-техникалық құралды әзірлеген кезде ҚР ҚН EN 1993-4-2 ережелерінен өзге келесілер де ескерілді:

- ҚР ҚН EN 1993-4-2 Ұлттық Қосымшаның ережелері;
- ҚР ҚН EN 1990 тиісті ережелері;
- ҚР ҚН EN 1991 тиісті ережелері.

Осы нормативтік-техникалық құрал 14 бөлімнен тұрады. Осы нормативтік-техникалық құралдың 1-14 бөлімдері ҚР ҚН EN 1993-4-2 нормативтің құрылымын қайталайды. Осы нормативтік-техникалық құралдағы ҚР ҚН EN 1993-4-2 Тармақтарының номерлері жақшада көрсетілген.

Осы нормативтік-техникалық құрал жобалау ұйымдарының инженерлік-техникалық қызметкерлеріне, ғылыми қызметкерлерге, жобалық өнімге тапсырыс берушілерге, жоғары оқу орындарының оқытушылары мен студенттеріне арналған.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ НОРМАТИВТІК-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛЫ
НОРМАТИВНО - ТЕХНИЧЕСКОЕ ПОСОБИЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
БОЛАТ КОНСТРУКЦИЯЛАРДЫ ЖОБАЛАУ. БОЛАТ РЕЗЕРВУАРЛАР
БӨЛІМІ

ПРОЕКТИРОВАНИЕ СТАЛЬНЫХ КОНСТРУКЦИЙ. ЧАСТЬ. СТАЛЬНЫЕ
РЕЗЕРВУАРЫ

Енгізілген күні - 2015-07-01

1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Қолдану саласы

1.1.1 Осы ҚР ҚН EN 1993-4-2:2007 құрал төмендегі сипаттамадағы сұйықтықтарды сақтауға арналған тік цилиндрлік жер үсті болат резервуарлар құрылымдарды жобалаудың негізгі қағидалары мен ережелеріне есептеудің қажетті түсіндірмелер мен мысалдарын қамтиды:

а) сұйықтық деңгейінен жоғары ішкі (артық) қысымның сипаттамалық мәні 100...500 мбар көлемінде

б) резервуар металлының рұқсат берілген жобалық температурасы 50°C до +300°C шегінде. Аустенитті тотықпайтын болатты пайдаланған кезде резервуар металлының жобалық температурасының -165°C до +300°C шегінде болуы рұқсат етілген. Босаңсу жүктемесі болған жағдайда резервуар металлының температурасы 150°C аспауы тиіс;

в) құюдың (сұйықтықтың деңгейі) ең үлкен жобалық деңгейі цилиндрлік бөлігінің (қабырға) деңгейінен аспауы тиіс.

1.1.2 Осы құралда, сондай ақ ҚР ҚН EN 1993-4-2:2007 тиісті бөлімінде болат резервуарлардың құрылымы резервуар құрылымының беріктігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында ғана қарастырылады. Жобалау бойынша қосымша талаптар қойылады:

- қоршаған орта температурасында қолданылатын резервуарлар үшін – EN 14015;
- криогенді резервуарлар үшін – EN 14620.
- қарастырылып жатқан резервуарлар түрлірін жасау және жөндеу мәселелері EN 1090 келтіріген.

Жоғарыда көрсетілген құжаттарда негіздер мен фундаменттерге (оның ішінде шөгу бойынша талаптар) қойылатын талаптар, жөндеу мен сынау талаптары, резервуарларға қызметтік (қолдану) жалпы талаптары, сондай ақ резервуарлардың люк, фланцтар және құятын құрылғылар секілді технологиялық элементтер көрсетіледі.

1.1.3 Сейсмикаға төзімді резервуарларды жобалау үшін Еврокод 3 осы саладағы талаптарды толықтыратын EN 1998-4 (8 Еврокод 4 Бөлім «Сейсмикаға төзімді құрылғылардың құрылымдары: силос мұнаралары, резервуарлар мен құбырлар») келтірілген қосымша талаптарды ескеру қажет.

1.1.4 Тіреуші құрылымдарды жобалау кезінде EN 1993-1-1 талаптарын қосымша ескеру керек.

1.1.5 Болат резервуарлар шатырларының алюминий құрылымдарын жобалау кезінде EN 1999-1-5 талаптарын қосымша ескеру керек.

1.1.6 Болат резервуарлар үшін темірбетонды фундаментті жобалауды EN 1992 және EN 1997 келтіріген талаптарды ескере отырып, орындау қажет.

1.1.7 Болат резервуарларға ерекше жүктемелердің сандық мәндерін EN 1991-4 «Силостар мен резервуарларға жүктемелер» келтірілген талаптарға сәйкес қабылдану керек. Резервуарға жүктемені жинаған кезде ескерілуге тиіс қосымша талаптар А Қосымшасында көрсетілген.

1.1.8 Осы құралда:

- қалқымалы шатырлар мен понтондар;
- EN 1993-1-2 көрсетілген отқа төзімділік мәселелері берілмейді.

1.1.9 ҚР ҚН EN 19993-4-2 қарастырылатын жоспарда дөңгелек резервуарлар осьтік симметриялы құрылымдармен шектеледі. Алайда көрсетілген қағидалар мен ережелер симметриялы емес жүктемелерді ескеру үшін және симметриялы емес сүйенуде (симметриялы емес тірек бекітулерде) қолданылуы мүмкін.

1.2 Нормативті құжаттарға сілтемелер

Осы ҚР ҚН EN 1993-4-2:2007 құрал ішінде басқа стандарттан алынған датасымен немесе датасыз ережелер, сілтемелер кіреді. Осы нормативтік сілтемелер мәтінде төмендегі стандарттың көрсетілген басылымдарына лайықты жерлерде дәйексөз келтіреді. Түзетудің немесе толықтырулардың енгізуінің жолымен қосылған жағдайда, егер есілтеме даталанса, онда кейінгі өзгерістер немесе басылымның өзгерілген редакциясына ғана қолданылған. Даталанбаған сілтемелерге жария басылымның соңғы редакциясы жатады.

ҚР ҚН EN 1090-2 «Болат конструкцияларын жобалау»;

ҚР ҚН EN 1990 Еврокод: Жобалау негізі;

Бөлім 1.1 Конструкцияларға әсер ету. Мезгілдік жүктері және меншікті көлемінен пайда болатын құнарлы ғимараттарға түсетін әсерлер;

Бөлім 1.2 Конструкцияларға әсер ету. Оттан қорғалмаған конструкцияларға әсерлер;

Бөлім 1.3 Конструкцияларға әсер ету. Қар түсетін жүктемелер;

Бөлім 1.4 Конструкцияларға әсер ету. Жел түсетін жүктемелер;

Бөлім 4 Бункерлер мен резервуарларға түсетін әсерлер;

ҚР ҚН EN 1992, Еврокод 2: Темір бетонды конструкциялады жобалау;

ҚР ҚН EN 1993, Еврокод 3: Болат конструкцияларын жобалау;

Бөлім 1.1 Ғимараттар үшін ережелер және жалпы ережелер;

Бөлім 1.3 Суық қалыптасу және қабықшаның жіңішке калибрленген элементтері;

Бөлім 1.4 Тот баспайтын болаттар;

Бөлім 1.6 Қабықша конструкциялардың беріктігі және тұрақтылығы;

Бөлім 1.7 Көлденең жүкпен дәнекерленген беттерден жасалған планарлы конструкциялар;

Бөлім 1.10 Прокат қалыңдығының бағыты бойынша қасиеті және екпінді тұтқырлығының есебімен болатты таңдау;

Бөлім 4.1 Бункерлер;

ҚР ҚН EN 1997 Еурокод 7: Геотехникалық жобалау;

ҚР ҚН EN 1998 Еурокод 8: Сейсмостұрақты конструкциялардың жобалау бойынша жағдайы;

Бөлім 4 Бункерлер, резервуарлар және құбырлар;

ҚР ҚН EN 1999, Еурокод 9: Алюмин конструкцияларын жобалау;

Бөлім 1.5: Қабықшалар;

ҚР ҚН EN 10025 «Қоспаланбаған болаттардан ыстықтай тегістелген бұйымдар-өнеркәсіптік жеткізу шарттары»;

ҚР ҚН EN 10028 Қысым астындағы жұмыстар үшін жазық болат бұйымдар;

ҚР ҚН EN 10088 Тот болмайтын болаттар;

ҚР ҚН EN 10149 «Суықтай қалыптау үшін аққыштықтың жоғары шегімен болаттардан ыстықтай тегістелген жазық бұйымдар»;

Бөлім 1 Жеткізілімнің жалпы шарттары;

Бөлім 2 Термомеханикалық прокатты болаттар үшін жеткізілім шарттары;

Бөлім 3 Нормаланған немесе нормаланбаған прокатты болаттар үшін жеткізілім шарттары;

ҚР ҚН EN 13084 еркін тұратын түтін құбырлар;

Бөлім 7 Болатты қабықша және бір қабырғалы болатты түтін құбырлардағы домалақ болатты бұйымдар;

ҚР ҚН EN 14015 Қоршаған ортаның температурасында сұйықтықтарды сақтау үшін пісірілген, металлды резервуарлар, жердің деңгейінен жоғары, жазық түбі бар цилиндр, вертикальді құрастырылған өндіріс және жобалау спецификациясы;

ҚР ҚН EN 14620 - 5°мен - 165 °на дейін жұмыс температурасында жанған, суытылған сұйықтарды сақтау үшін болатты резервуарларды, жазық түбі бар цилиндр, вертикальді құрастырылған өндіріс және жобалау;

ISO 1000 «ӨЖ бірліктері»;

ISO 3898 «Құрылымдарды жобалау негіздері. Шартты белгілер. Жалпы символдар»;

ISO 8930 «Құрылымдардың сенімділігінің жалпы қағидалары. Баламалы терминдер тізімі».

1.3 Негізгі жағдайлар

1.3.1 EN 1990 –да көрсетілген жалпы жағдайларға қосымша, осы құжатта келесі негізгі жағдайлар қолданылады (рұқсаттар):

- дайындау және салу EN 1090, EN 14015 және 14620 негізіне сәйкес орындалады.

1.4 Қағидалар мен қолдану ережелер арасындағы айырмашылықтар

ҚР ҚН EN 1990 1.4 Тармағын қар.

1.5 Терминдер мен анықтамалар

Осы ҚР ҚН EN 1993-4-2:2007 құралда қолданылатын, негізгі терминдер келтірілген. осы терминдер ISO 8930 көрсетілген Құрылыс Еурокодында жалпы қолдану үшін EN 1990 1.5 Тармағында келтірілген терминдер мен анықтамаларға сәйкес келеді. Егер осы ҚР ҚН EN 1993-4-2 және EN 1990 және ISO 8930 құралдарда келтірілген терминдер түсіндірмесінің айырмашылығы бар болса, ҚР ҚН EN 1993-4-2 келтірілген анықтама түсіндірмесін қолдану қажет.

1.5.1 Қаптама (shell): Иілген жіңішке парақтан жасалған құрылым. Жоспарда тікбұрышты резервуарлардың «қаптамасы» термині «қорапты» білдіреді (3.1.3 Тармағын қар.).

1.5.2 Осьтік симметриялық қаптама (axisymmetric shell): Орталық ось маңындағы меридиональ қалыптастырушының қозғалысы арқылы қалыптасатын беттің қаптамасы, геометриясы.

1.5.3 Қорап (box): Қорап - жеке жазық парақтардан құралған жабық үшөлшемді пішін (құрылым). ҚР ҚН EN 1993-4-2 бойынша қораптың ұзындығы, ені және биіктігі бойынша сәйкес өлшемдері бар.

1.5.4 Меридиональді бағыт (meridional direction): Резервуар осі арқылы өтетін жазықтықта орналасқан резервуар қаптамасы бетінің нүктелеріне қабысушының бағыты (ҚР ҚН EN 1993-4-2 тік жазықтық – 1.5.8 Тармағын қар.) Басқаша айтқанда, қаптама бетіндегі жаңбыр тамшысы астыға құйылатын тік немесе көлбеу бағыт

1.5.5 Дөңгелектенген (шиғыршық) бағыт (circumferential direction): Резервуар қабырғасының кез келген нүктесіне жаңасушы көлденең жазықтықта орналасқан бағыт. Ол резервуар периметрі бойынша өзгереді және дөңгелек немесе тікбұрышты пішіндеріне қарамастан резервуардың маңындағы нүктелерге жаңасушының бағытына сәйкес болады.

1.5.6 Орталық беті (middle surface): Термин екі жағдайда қолданылады: (1) таза иілу жағдайындағы қаптама жұмысында жүктелмеген орталық бетті суреттеген кезде және (2) қорапты құратын жазық пластинанының (парақтың) орталық бетін суреттеген кезде.

1.5.7 Қаттылық қабырғаларының қадамы (separation of stiffeners): Қаттылықтың бір біріне жақын орналасқан екі параллель қабырғаларының ара қашықтығы.

1.5.8 Резервуар (tank): Резервуар – сұйық өнімді сақтауға арналған бак. Осы құралда және тиісті стандарттарда резервуар тік осі бар призмалы пішінді (жоғарғы және төменгі бөліктері – түбі мен шатырын қоспағанда) болып келеді.

1.5.9 Қабырға (қаптама) (shell): Қаптама – сызбанұсқада дөңгелек ретінде көрсетілетін резервуардың цилиндрлік қабырғасы. «қабырға» терминімен қатар «цилиндрлік қабырға» термині де қолданылуы мүмкін.

1.5.10 Резервуар қабырғасы (tank wall): Осы құралды тік қабырғаны, шатыр мен воронканы құратын метал парақ элементтер резервуар қабырғасы деп аталады. Бұл термин тік қабырғамен ғана шектелмейді.

1.5.11 Белдік (резервуар қабырғаларының) (course): Резервуардың цилиндрлік қабырғасы көлденең жазықтықтардағы қысқа цилиндрлік бөлікшелердің бірігуі арқылы құралады. Бұндай бөліктің әр біреуі жеке иілген парақ элементтерін тік құрамалармен

(тігістермен) біріктіру арқылы құралады. «Белдік» термині тек қана тік тоғысқан жері бар қысқа цилиндрлік бөлікті білдіреді.

1.5.12 Құйғыш (hopper): Бұл резервуардың астыға қарай тарылатын бөлігі. Жүк күшімен түсіру тесігіне құйылатын сұйықтық бағытына қолданылады

1.5.13 Торап (junction): Торап – қаптаманың екі немесе одан да көп бөліктерінің немесе призматикалық бөліктің жазық элементтерінің қосылу аумағы (аймағы). Торап сондай ақ қаттылықтың қабырғаларын да қамтуы мүмкін. Мысалы, қаттылықтың шиғыршық қабырғасының қаптамаға немесе қорапқа бірігуі торап ретінде қарастырылады.

1.5.14 Жаңасу торабы (transition junction): Жаңасу торабы – құйғыш пен бункер тік бөлігінің бірігу торабы. Бұл торап тік бөліктің негізінде немесе сәл төмен орналасуы мүмкін.

1.5.15 Қабарға-шатыр торабы (shell-roof junction): Бұл ұғым резервуар тік қабырғасы мен шатырдың жаңасу торабына жатады. Кейде оны карнизды торап деп те атайды. Алайда бұл анықтама көбіне қатты өнімдерді сақтайтындарға қатысты болып келеді.

1.5.16 Қаттылықтың бойлық (меридиональді) элементі (stringer stiffener): Айналымның қаптамасын қалаптастырушы болып табылатын қаптаманың меридиан пішінін қайталайтын қаттылықтың жергілікті элементі. Ол тұрақтылықты, жергілікті жүктемелр мен тік осьтік қысаңқы күштерді қабылдауды жоғарылату үшін қолданылады. Бойлық қабырға негізгі кесе көлденең жүктемелерден иілетін сәттердің әсерінен көтергіш қабілетті жоғарылатуға арналмаған.

1.5.17 Қабырға (rib): Қабырға – қаптама меридианасы немесе жазық пластина жазықтығында иіліді туғызатын жүктемелерді тікелей қабылдайтын жергілікті элемент. Қабырға айналым қалыптастыратын қаптамада орналасады немесе призматикалық юөлігінің тік қабырғасы ретінде болады. Құрылым иілім жағдайында жұмыс істеген кезде құрылымға түсетін кесе көлденең жүктемені тарату үшін қолданылады.

1.5.18 Қаттылықтың шиғыршық қабырғасы (ring stiffener): қаттылықтың шиғыршық қабырғасы – нақты бір биіктікте құрылым периметрін бойлай өтетін және меридианды кесіп өтетін қаттылықтың жергілікті элементі. Ол қаптаманың меридиональді жазықтығында аз ғана қаттылыққа ие. Шиғыршық қабырға қаптаманың тұрақтығын арттырып, жергілікті жүктемелерді қабылдағанымен, негізгі сүйеніш элемент болып табылмайды. Айналым қаптамасында айналып өтсе, ал тікбұрышты құрылымдарда бункерді кесе көлденең қиятын тікбұрышты пішінде болады.

1.5.19 Тіреуіш шиғыршық (base ring): Тіреуіш шиғыршық – құрылымды бойлай өтетін және құрылымды фундаментке немесе басқа да құрылымдық элементтерге бекітетін құрылымдық элемент. Тіреуіш шиғыршық резервуарды бекітудің есептік шарттарын қамтамасыз етуі керек.

1.5.20 Шиғыршық балка (ring girder or ring beam): Көлденең жазықтықта және каркас элементінің жазығында иілмелі қаттылыққа ие элемент. Бұл элемент құрылым периметрі бойынша орналасады және цилиндрлік резервуарларда балка шиғыршық пішінде, призматикалықта – шаршы немесе тікбұрыш пішінде болады. Бұл балка негізгі тіреуіш элемент болып табылады және парактық элементтерге (цилиндрлік немесе

призматикалық қабырғаға (1.5.10 Тармағын қар.) түсетін жергілікті жүктемелерді қабылдау мен өткізу үшін пайдаланылады.

1.5.21 Үздіксіз таяныш (үздіксіз сүйеніш) (continuously support): Егер резервуар негізі периметрінің кез келген нүктесінде көлденең және тік жүктемелерді өткізу бірдей тәсілмен орындалса резервуар үздіксіз таянышқа ие. Бұл шарттан азын аулақ ауытқулар (мысалы, кішкентай тесік түрінде) осы анықтаманың қолданылуына әсер етпейді.

1.5.22 Жеке тіреуіш (дискретті сүйену) (discrete support): Дискретті сүйену бункер құрылым периметрі бойынша орналасқан саны аз тар консольдер мен колонналармен тірелген кезде орын алады.

1.5.23 Қорғауыш қабырғасы бар резервуар (catch basin): Алғашқы резервуардан ағып кету немесе авария себебінен шығып кетуі мүмкін сұйықтықты сақтау үшін резервуардың сыртқы құрылымы. Құрылымның бұл түрі негізгі резервуарда улы және зиянды сұйықтықтар болған жағдайда пайдаланылады.

1.6 Шартты белгілер

ISO 3898:1987 қолданылатын символдар негіздері.

1.6.1 Латын әліппесінің жазба әріптері

A – бойлай қиюдың ауданы;

A_1, A_2 – резервуар шатырының орталық шиғыршығының үстінгі және астыңғы белдеулері қимасының ауданы;

D – резервуар диаметр;

E – Юнг модулі;

H – корпус қабырғасының сұйықтық бетіне дейінгі бөлігінің биіктігі; резервуарды толтырудың максималды жобалық деңгейі;

H_0 – резервуар корпусының биіктігі;

I – кесе көлбеу қию инерциясының сәті;

K – бойлай иілюдің коэффициенті;

L – қаптама сегментінің немесе қаттылық қабырғасының биіктігі;

M – құрылым элементіндегі иілу сәті;

N – элементтегі бойлық (осьтік) күш;

N_f – қажу шарты бойынша жүктеу циклдерінің минималды мөлшері;

P – шатыр сұйыққоймасы элементіне түсетін вертикаль салмақ;

R – цилиндрлік емес қабаттың кисық радиусы;

T – температура;

W – қима қарсылығының серпінді кезеңі; салмақ.

1.6.2 Латын әліпбиінің кіші әріптері

- a - қаңқадағы шаршы ойығының бүйір ұзындығы;
- b - қаңқадағы шаршы ойығының бүйір ұзындығы; көлденең қимадағы пластинкалы элементтің ені;
- c_p - желдік күшке неізделген қысымның коэффициенті;
- d - люктің немесе шығарылым ойығының диаметрі;
- e - сыртқы талшық өзегінен өзек өсіне дейінгі аралық;
- f_y - болат аққыштығының шегі;
- f_n - болат беріктігінің шегінің;
- h - шатыр(төбелер) биіктігі - шатырдың сырттың нүктесінен қабырға-шатыр түйіні орналасқан жазықтығына дейінгі (1.5.15 Тармақты қара) аралық;
- сұйыққойма (резервуар) қабырғасы белдеуінің биіктігі;
- j - құралымның беріктігінің коэффициенті; кернеу шоғырлануының коэффициенті; қабырғаның белдеуінің нөмірі;
- l - қабырға өз беріктігінен айрылып қалу мүмкіндігі болатын қабырға биіктігі;
- m - ен бірлігіндегі иілім кезеңі;
- n – қорытындылайтын мембраналық кернеу (ешбір момент туындамағандағы теорияда); резервуардың домалақ шатырындағы шатыр тіреуіш (радиальды) бөренесінің саны;
- p - үлестірілген жүктеме (қабырғаға түзу бұрышпен тұру міндет емес);
- p_n - резервуар қабырғасы (сыртқы) үшін бір қалыпты қысым;
- r – резервуардың цилиндрлік қабырғасының орташа бетінің радиусы;
- t - қабырға қалыңдығы;
- w – резервуар (резервуардың қабырғасының астында) түбінің тірейтін шығыршығының минималды ені;
- x – резервуар шатыры үшін радиалды координата;
- y - резервуардың шатыры үшін жергілікті тік координата;
- күшейтілген ойықтың конструкциясында пайдаланылған ауыстыру коэффициенті;
- z - ортақ осьтік координата; оське симметриялы резервуардың (айналдыратын қабығы) тік осі бойымен жүретін координатасы.

1.6.3 Грек әліпбиінің әріптері

- α - шатырдың беткейі;
- β - резервуар түбінің тік сызықтан (вертикалдан) ауып кетуі;
- $=\pi/n$, n – итарқа (шатыр тіреуіш) саны;
- γ_f - жүктің әсерлер етуі жағдайындағы сенімділіктің жеке коэффициенті;
- γ_m - қарсылықтарға бағытталған сенімділіктің жеке коэффициенті;
- δ - иілім;
- Δ - ауыспалы өзгерісі;
- v - Пуассон коэффициенті;
- θ – корпус шеңберіндегі айналмалы координата;

σ - бір қалыпты кернеу;

τ - жанама кернеу.

1.6.4 Жолма-жол әріпсандар (индекстер)

E - жобалықтың әсерлердің (жүктердің) нәтижесінде туатын кернеудің немесе жылжудың мағынасы;

F - өткіннің жартысында;

әсер ету;

a - сақиналық;

d - жобалық мағынасы;

f – шаршау, қажу;

i – ішкі; ішке қарай бағытталған;

саналатын ауыспалы;

k - шатырдың орталықтың шығыршығы;

k - мінездемелік мағына;

m - орташа мағынасы;

min- ең төмен ықтимал мөлшері (аумағы);

n - номиналды; қабырғаға түзу бұрыш астымен;

o - тыс; сыртқа бағытталған;

p - қысым;

r - радиалды; сақиналық;

R - қарсылық;

s - тіректе;

s - қабырға;

x - меридиональды; радиалды; осьтік;

y – айналдырмалы (сыртқы айналасы); перпендикулярлық;

аққыштық;

0 - эталондық мағына;

1 - сырт;

2 - төменгі;

θ – айналдырмалы, сыртқы айналасы.

1.7 Белгілердің ережелері және шартты белгілері

1.7.1 Домалақ резервуарларға арналған резервуар координаттарының ортақ жүйесі үшін қабылданған ережелер

1.7.1.1 Аталмыш тарауда келтірген ережелер барлық резервуарларға қатысты. Сонымен қатар, осықұрлыстық нормаларында резервуар тек біртұтас сындарлы элемент ретінде қарастырылмайды, ол көптеген басқа жеке құрылымдық элементтерден құралған конструкция ретінде қарастырылады. Координат жүйесімен жұмыс бастарда ең алдымен, координаттың жалпы және жергілікті жүйесі деген ұғымдарын нақты анықтап алу қажет.

Құрылыс нормаларының мәтінінде тікелей «жеке элемент координатының жергілікті жүйесі» және «жалпы координат жүйесіне қатысты күштердің әсер ету бағытына жергілікті бағдарлауы» деген ұғымына айрықша көңіл аударады. Координаттардың жергілікті жүйесі қабыршаққа (тысы) жалғанған элементтерге байланысты деп түсіну қажет, сондықтан да жеке элементке қатысты айтылған әсер ету күштері координаттардың жергілікті жүйесінде жиі кездеседі және оларды резервуар құрылымына қолдану барысында оларды түгелімен дерлік бүкіл резервуар координаттарының ортақ жүйесіне көшіру керек.

1.7.1.2 Резервуар координаттарының ортақ жүйесі үшін жалпы жағдайда координаттардың цилиндрлік жүйесінде (1.1 Суретті қара) келесідей белгілер қабылданған:

Координаталық жүйе

Айналудағы орталық остің бойындағы қабыршақ координаттары z

Радиалдық координаттар r

Айналмалы координаттары θ


1.7.1.3 Келесідей ереже белгілері қабылданған:

Сыртқа бағытталған - болымды (ішкі қысым және жылжу үшін)

Созылмалы кернеулер – болымды (бүгіліс жұмысын алмағандағы, сығушы кернеулер жағымды болып қабылданған).

1.7.1.4 Резервуар қабырғасының бетіне орналасқан әсер ету салмақтарына (күштеріне) қатысты шартты белгілер:

Қабыршақ сипатына бағытталған қысым p_n



а) Координаттардың жалпы жүйесі белгіленген үш өлшемді схемасы (P – тірейтін нүктесі (полюс); M – Тірек меридианы; C – меридиональды кисықтың шұғыл орталығы);

б) координаттар және салмақ: вертикалды қиық (тілік) (D – шатыр; S – қабырғасы; B – түбі; T – керітілген торап)

1.1 Сурет – Дөңгелек резервуарға арналған координаттық жүйе

1.7.2 Тіктөртбұрыштың резервуарларына арналған координаттардың ортақ жүйесі үшін қабылданған ережелер

1.7.2.1 Аталмыш тарауда келтірген ережелер барлық резервуарларға қатысты. Сонымен қатар, осы құрлыстық нормаларында резервуар тек біртұтас сындарлы элемент ретінде қарастырылмайды, ол көптеген басқа жеке құрылымдық элементтерден құралған конструкция ретінде қарастырылады. Координат жүйесімен жұмыс бастарда ең алдымен, координаттың жалпы және жергілікті жүйесі деген ұғымдарын нақты анықтап алу қажет. Құрылыс нормаларының мәтінінде тікелей «жеке элемент координатының жергілікті жүйесі» және «жалпы координат жүйесіне қатысты күштердің әсер ету бағытына жергілікті бағдарлауы» деген ұғымына айрықша көңіл аударады. Координаттардың жергілікті жүйесі қабыршаққа (тысы) жалғанған элементтерге байланысты деп түсіну қажет, сондықтан да жеке элементке қатысты айтылған әсер ету күштері координаттардың жергілікті жүйесінде жиі кездеседі және оларды резервуар құрылымына қолдану барысында оларды түгелімен дерлік бүкіл резервуар координаттарының ортақ жүйесіне көшіру керек.


1.7.2.2 Жалпы алғанда, резервуар құрылымының ортақ координаттар жүйесі – бұл декарттық координаттар x , y , z , мұнда вертикалдық бағыт z ретінде қарастырылады (осы оқу құралының 1.2 Суретін қара).

1.7.2.3 Мынадай белгілердің ережелері қабылданған:

Сыртқа бағытталған – болымды (ішкі қысым болымды, сыртқы қозғалыс болымды)

Созылмалы кернеу – болымды (бүгіліс жұмысын алмағандағы, сығушы кернеулер жағымды болып қабылданған).

Жанама кернеу: 1.8.4 Тармағын қара.



- а) Координаттардың жалпы жүйесі белгіленген үш өлшемді схемасы (B – қорап меридианы);
 б) координаттары және салмақ (күш): вертикальдық қиық (D – шатыр; W – қабырға; B – түбі)

1.2 Сурет – Тікбұрышты резервуарға арналған координаттық жүйе

1.7.2.4 Резервуар қабырғасының бетіне орналасқан әсер ету салмақтарына (күштеріне) қатысты шартты белгілер:

Қабыршақ сипатына бағытталған қысым

p

1.7.3 Домалақ және тіктөртбұрышты резервуардың құрылымдық элементтер координаттарының жергілікті жүйесі үшін қабылданған ережелер


1.7.3.1 Резервуардың (1.3 және 1.4 Суретті қара) қабырғасына іргелес жатқан құрылымдық элементтерге арналған шартты белгілері меридионалды және тоғынды (айналмалы) элементтер болып ажыратылады.

1.7.3.2 Резервуардың қабырғасына (қабырға сияқты қорапқа да) іргелес жатқан меридионалды құрылымдық элементтері (1.3 а Суретті қара) үшін шартты белгілері келесідей түрде берілген:

Цилиндр, оймыш және шатыр элементтеріне арналған меридионалды координата x

Қатты бүгілетін ось (сөрелерге параллель болып келеді) y

Жәй бүгілетін ось (сөрелерге перпендикуляр болып келеді) z



а) қабырға қаттылығы және осьтің иілгіштігі;

б) резервуардың әртүрлі бөлігіндегі жергілікті осьтер (D – шатыр; S – қабырға; B – түбі)

1.3 Сурет - Қабырғадағы (қораптағы не қабыршақтағы) меридионалды қабырға қаттылығына арналған координаттардың жергілікті жүйесі

1.7.3.3 Қабырғаға іргелес жатқан айналмалы қисықсызықты құрылымдық элементтерге (1.4 а Суретті қара) арналған шартты белгілері төмендегідей:

Айналмалы координаттық осі θ

Радиалды (Бағытталған) осі r


Вертикалдық осі z

1.7.3.4 Қорапқа іргелес жатқан айналмалы тіксызықтық құрылымдық элементтер үшін шартты белгілер келесідей:


Айналмалы осі x

Горизонталь осі y

Вертикалдық осі z



а)



б)

а) қабырға қаттылығы және осьтің иілгіштігі;

б) әртүрлі сегменттердегі жергілікті осьтер (D – шатыр; S – қабырға; B – түбі)

1.4 Сурет - Қабырғадағы (қораптағы не қабыршақтағы) айналмалы қабырға қаттылығына арналған координаттардың жергілікті жүйесі

1.7.4 Басты кернеулер (дөңгелек және тікбұрышты резервуарлар үшін) үшін қабылданған ережелер (келісімдер)

1.7.4.1 Кернеулерді көрсететін өлшемдердің жолма-жол әріпсандарына арналған ереженің көрінісі мынадай : "жолма-жол әріпсан бағыт-бағдар көрсетеді, мұнда салынған момент бір қалыпты кернеуді тудырады" . Мембраналық жанама кернеулерге арналған әрекеттің белгілері және бағыттары кернеудің және айналма жасайтын моменттері 1.5 Суретте көрсетілген.

Басты мембраналық кернеулер және олардың бағыттары осы оқулықтың 1.5 Суретінде көрсетілген

n_x - тең әсер ететін меридионалды мембраналық кернеулер;

n_θ - тең әсер ететін қабыршақтағы сақиналық мембраналық кернеулер;

n_y - тең әсер ететін қораптағы айналмалы мембраналық кернеулер;

n_{xy} не $n_{x\theta}$ - тең әсер ететін жанама мембраналық кернеулер.

Мембраналық кернеулер:

σ_{mx} - меридионалды мембраналық кернеулер;
 $\sigma_{m\theta x}$ – қабыршақтағы сақиналық мембраналық кернеулер;
 σ_{my} – тікбұрышты қораптағы айналмалы мембраналық кернеулер;
 τ_{mxy} немесе $\tau_{mx\theta}$ - жанама мембраналық кернеулер.

1 ЕСКЕРТПЕ Ағылшын тілдес әдебиеттерде кернеудің бір типін пайдалану үшін жекеше түрі қолданылады, яғни "кернеу" деп алынады. Бұдан орыстілдес нормалардың айырмашылығы көпше түрде қолданылады, яғни "кернеулер".

2 ЕСКЕРТПЕ "resultant" терминін аудару үшін "қорытқылар" деген терминді қолданбаған жөн. Ол келесі себептерге байланысты: (1) қорытқы деп әдетте инженерлік есептер жөніндегі әдебиеттерде кәдімгі келтірілген кернеулерді айтады, яғни бірнеше кернеулердің әрекеттерінің нәтижесі, (2) ҚР ҚН EN 1993-1-6-ға сәйкес, айтылмыш кернеулер қабыршақтың қалыңдығы бойынша бір қалыпты кернеулерден болған интеграл ретінде анықталады, сондықтан да баламалы аударма ретінде "тең әрекет етуші" деген термин болады.

1.7.4.2 Моменттерді (кезеңдерді) көрсететін өлшемдердің жолма-жол әріпсандары үшін ереженің көрінісі мынадай: "жолма-жол әріпсан бағыт-бағдар көрсетеді, мұнда салынған момент (уақыт) бір қалыпты кернеуді тудырады". Иілгіш моменттер үшін әрекеттердің белгілері мен бағыттары 1.5 Суретте көрсетілген. Бұл жерде мынаны ескеру керек, берілген ереже ҚР ҚН EN 1993-1-1 и ҚР ҚН EN 1993-1-3-ға сәйкес өзектер және саптарға қолданылатын белгілердің ережелерінен және белгіленуінен өзгешеленеді.

Тең әрекет етуші иілгіш моменттер (осы құралдың 1.5 - Суретте көрсетілген):

m_x – ен бірлігіндегі меридионалды иілгіш моменті;
 m_θ – қабырғадағы ен бірлігіндегі сақиналық иілгіш момент;
 m_y – тікбұрышты қорап қабырғасының ен бірлігіндегі айналмалы иілгіш момент;
 m_{xy} не $m_{x\theta}$ – ен бірлігіндегі айналмалы момент.

Иілгендегі кернеу:

σ_{bx} – иілгендегі меридионалды қалыпты кернеу;
 $\sigma_{b\theta}$ – қабырғадағы иілгендегі сақиналық қалыпты кернеу;
 σ_{by} – тікбұрышты қораптағы иілгендегі горизонталды қалыпты кернеу;
 τ_{bxy} немесе $\tau_{bx\theta}$ – қабыршақ жазықтығынан ширатылғандағы жанама кернеулер .

Ішкі және сыртқы жазықтықтағы кернеулер:


σ_{six} , σ_{sox} – қабыршақ және қорап жазықтығындағы меридионалды ішкі және сыртқы кернеулер;

$\sigma_{si\theta}$, $\sigma_{so\theta}$ – қабыршақ жазықтығындағы сақиналық ішкі және сыртқы кернеулер;

$\tau_{six\theta}$, $\tau_{sox\theta}$ - қабыршақ жазықтығындағы ішкі және сыртқы кернеулер;

σ_{siy} , σ_{soy} – тікбұрышты қорап жазықтығындағы айналмалы ішкі және сыртқы кернеулер;

τ_{sixy} , τ_{soxy} - тікбұрышты қорап жазықтығындағы жанама ішкі және сыртқы кернеулер;



а)

б)

а – тең әрекет етуші мембраналық кернеу;

б – қабырғаның бүгілу барысында болатын тең әрекет етуші кернеу

1.5 Сурет - Резервуар қабырғасындағы (қабыршақ және қораптағы) тең әрекет етуші кернеу (в оболочках и коробах)

1.8 Өлшем бірлігі

1.8.1Р СИ-дың бірлігі ISO 1000-ға сәйкес пайдаланылуы керек.

1.8.2 Есептеулер үшін төмендегідей сәйкестендірілген бірліктер ұсынылады:

– өлшемдер	:	м	мм
– үлесті салмақ(салмақтың бірліктері)	:	кН/м ³	Н/мм ³
– күш және салмақтар	:	кН	Н
– қума жігер (күштер) және қума салмақтар	:	кН/м	Н/мм
– аудан бойымен орналасқан қысымдар мен әсерлер	:	кПа	МПа
– көлем (масса) бірлігі	:	кг/м ³	кг/мм ³
– үдеу	:	км/с ²	м/с ²
– тең әсер ететін мембраналық кернеу	:	кН/м	Н/мм
– тең әсер ететін иілетін кернеулер	:	кН·м/м	Н·мм/мм
– майысқақтық (серпінділік) кернеуі мен модулі	:	кПа	МПа(=Н/мм ²)

2 ЖОБАЛАУ НЕГІЗДЕРІ

2.1 Негізгі қойылатын міндеттер

2.1.1Р Резервуарларды жобалау, құру және қызмет көрсету кезінде 2-ші Бөлімнің ҚР ҚН EN 1990 талаптарын ескеру керек, сонымен қатар, осы оқулықта берілген қосымша талаптарды да ескеру керек.

2.1.2 Жобалау кезінде құрылыстың бастапқы есептік схемасының өзгерісі мен салмағының мүмкін болатын нұсқаларын ескеру қажет, өйткені бұл резервуарды монтаждау кезінде пайда болуы мүмкін.

2.2 Сенімділік деңгейі

2.2.1 Сенімділікпен қамтамасыз ету бойынша жалпы нұсқаулары EN 1990. нормативінде көрсетілген.

ЕСКЕРТПЕ ҚР ҚН EN 1993-4-2-ға тіркелетін Ұлттық Қосымша резервуарларды сенімділікпен қамтамасыз ету саласында EN 1993-4-2-нің барлық жағдайларын ешбір өзгеріссіз қабылдай береді.

2.2.2P Таңдап алынған сенімділік деңгейіне байланысты EN 1993-4-2:2007 тәптіштеудің әртүрлі деңгейі арқылы жобалауды жүзеге асыруға рұқсат береді. Бұл жерде айтылып отырғаны, әртүрлі құрылымдық формадағы, құрылымдық шешімдер және мүмкін болатын жеңілдіктер (14 тарауды қара) резервуардың жауапкершілік деңгейіне байланысты таңдау болады, сонымен қатар (қажет жағдайларда) құрылымды бұзудың әртүрлі нұсқалары қарастырылады, яғни резервуарды дайындау және монтаждау кезінде, дәл сол сияқты резервуарды барлау кезінде мүмкін болатын есептесетін жағдайларды есепке алу қарастырылады.

2.2.3 EN 1993-4-2:2007 -да қолданылатын үш класс (1, 2 және 3) нәтижесінде резервуарлардың әртүрлі түрлеріне салыстырмалы деңгейдегі сенімділікпен қамтамасыз етеді. Баға деңгейінің сенімділігі конструкция жағдайының салмақты өзгеріске ұшырағанының көрсеткішін ғана емес, сонымен қатар, әртүрлі құрылымдық элементтер үшін сенімділіктің (бұзылмайтындығы) сәйкес деңгейін қамтамасыз етудің бағалық көрсеткішін ескеретінін естен шығармауымыз керек.

ЕСКЕРТПЕ Оқулықтағы нәтижелердің кластары ҚР ҚН EN 1993-4-2:2007-ға Ұлттық Қосымша негізінде қабылданды.

– **Нәтиже класы 3:** Токсикалық және жарылыс потенциалы бар сұйықтықтар мен сығылған газдарды сақтауға арналған резервуарлар және қала территорияларында тұтандыратын және суды ластайтын сұйықтықтары бар үлкен көлемді резервуарлар бар. Бұл конструкцияда апаттық жағдайлары болатын болса, ҚР ҚН EN 1993-4-2 –ның А. 2.14. Бөліміне сәйкес болуы керек.

– **2 салдар тобы:** Қала аумақтарындағы тұтанатын немесе суды ластаушы сұйықтықтар сақталатын орта көлемдегі резервуарлар.

– **1 салдар тобы:** Ауылшаруашылық резервуарлар немесе суды сақтауға арналған резервуарлар.

2.2.4P Салдарлардың тиісті тобы жобалаушы, тапсырыс беруші және тиісті бақылаушы орган арасында келісіліп, таңдалуы керек.

2.3 Шектік жай-күйлер

Осы құралды ҚР ҚН EN 1993-1-6 айқындалған шектік жай-күйлер қабылданған.

2.4 Қоршаған ортаға ықпалы мен әсері

2.4.1Р Болат резервуарларды жобалау кезінде ҚР ҚН EN 1990 4 Бөлімінде белгіленген талаптарды ескеру қажет.

2.4.2 Резервуарларға жүктемені анықтаған кезде негізгі норматив ретінде ҚР ҚН EN 1993-4-2 А Қосымшасына сәйкес дәлелдемелерді міндетті түрде ескере отырып, ҚР ҚН EN 1991 белгіленген жөн.

2.5 Материалдардың сипаттамалары

2.5.1 Резервуарларды жобалау кезінде ҚР ҚН EN 1993-1-1 келтірілген материалдарға және олардың сипаттамаларына қойылатын жалпы талаптарды ескеру қажет.

2.5.2 Резервуарларды жобалау кезінде қосымша ҚР ҚН EN 1993-4-2 3 Бөлімде көрсетілген материалдарға қойылатын арнайы талаптарды ескеру қажет.

2.6 Геометриялық параметрлер

Резервуардың геометриялық параметрлерін айқындаған кезде:

- ҚР ҚН EN 1990 берілген жалпы талаптар;
- ҚР ҚН EN 1993-1-6 көрсетілген қаптамаларға қойылатын қосымша арнайы талаптар;
- ҚР ҚН EN 1993-4-2 4.1.2 Тармақта көрсетілген элементтердің қалыңдығын айқындаудың нұсқауларын ескеру керек.

2.7 Модельдеу (есеп схемалары) және резервуарды есептеу

2.7.1Р Модельдеу (есептеу) кезінде ҚР ҚН EN 1990 келтірілген жалпы талаптарды ескеру қажет.

2.7.2 Құрылымның тиісті элементтері үшін құрылыс жарамдылығының талаптарын ескере отырып, құрылымды есептеу кезінде осы құралдың 5.5, 7.5 және 9.4 Тармақтарын ескеру қажет.

2.7.3 Құрылымды беріктікке есептеген кезде осы құралдың 5.3, 7.3 және 9.3 Бөлімшелерінде берілген арнайы талаптар ескерілуі қажет. Сондай ақ ҚР ҚН EN 1993-1-6 көрсетілген талаптарды ескеру қажет.

2.8 Сынақ негізінде жобалау

Жобалаудың аталмыш тәсілін қолданған кезде ҚР ҚН EN 1990 D Қосымшасында берілген жалпы талаптарды ескеру қажет.

2.9 Шектік жағдайдарды тексеру кезінде ықпал етуді (жүктемелерді) ескеру

2.9.1 Жалпы ережелер

Жобалау кезінде міндетті түрде ҚР ҚН EN 1990 берілген талаптар сақталуы керек.

2.9.2 Беріктік бойынша шектік жай-күйлер үшін сенімділіктің жеке коэффициенттері

2.9.2.1 Резервуарларға ықпал ету (жүктеме) үшін сенімділіктің жеке коэффициенттері

2.9.2.1.1Р Ықпал ету (жүктеме) мәнінің тұрақты және уақытша есеп жағдайлары үшін γ_F сенімділіктің жеке коэффициенттерін ескере отырып қабылдау керек.

ЕСКЕРТПЕ ҚР ҚН EN 1993-4-2 Ұлттық Қосымшасына сәйкес нормативтік құжаттарда қабылданған γ_F сенімділіктің коэффициенттерінің мәндері ҚР ҚН EN 1993-4-2 ұсынылған мәндерге сәйкес.

2.9.2.1.2Р Кездейсоқ (апаттылық) жағдайлар үшін γ_F сенімділіктің жеке коэффициенттері айнымалы мәнді жүктемелер (айнымалы жүктемелер) үшін қолданылады. Аталмыш тәсіл резервуарға сұйық өнімді құюдың кезіндегі жүктемені анықтау үшін де қолданылады.

ЕСКЕРТПЕ ҚР ҚН EN 1993-4-2 Ұлттық Қосымшасына сәйкес нормативтік құжаттарда қабылданған γ_F сенімділіктің коэффициенттерінің мәндері ҚР ҚН EN 1993-4-2 ұсынылған мәндерге сәйкес. γ_F мәндері осы құралдың 2.1 Кестесінде көрсетілген.

2.9.2.1.3Р Белгілі бір өндірісте шығарылатын өнімді сақтауға арналған резервуарлар («тауарлық» резервуарлар д.а.) үшін жүктеме бойынша сенімділіктің жеке коэффициенттері жеке келісілуі тиіс.

ЕСКЕРТПЕ ҚР ҚН EN 1993-4-2 Ұлттық Қосымшасына сәйкес нормативтік құжаттарда қабылданған γ_F сенімділіктің коэффициенттерінің мәндері ҚР ҚН EN 1993-4-2 ұсынылған мәндерге сәйкес. γ_F мәндері осы құралдың 2.1 Кестесінде көрсетілген.

2.1 Кесте - Резервуарларға ықпал ету (жүктеме) бойынша сенімділік жеке коэффициенттерінің мәні (тұрақты, уақытша және кездейсоқ (апаттық) есеп жағдайлары үшін)

Есептеу жағдайы	Сұйықтықтың түрі	Сұйықтықтардан түсетін айнымалы жүктемелер үшін γ_F мәндері	Тұрақты жүктемелер үшін γ_F мәндері
Қалыпты эксплуатация жағдайындағы гидростатикалық жүктемелер	Улағыш, жарылғыш және қауіпті сұйықтықтар	1,40	1,35
	жанғыш сұйықтықтар	1,30	1,35
	өзге сұйықтықтар	1,20	1,35
Сынақ барысындағы гидростатикалық жүктемелер	барлық сұйықтықтар	1,00	1,35
Кездейсоқ (апаттық) жағдайлар	барлық сұйықтықтар	1,00	

2.9.2.2 Көтергіш қабілет бойынша сенімділіктің жеке коэффициенттері

2.9.2.2.1 Сынақ нәтижелері негізінде анықталған құрылымдардың (элементтердің) өлшемдері мен сипаттамаларын жобалау барысында қолданған кезде ҚР ҚН EN 1990 белгіленген талаптар мен рәсімдерді ұстану қажет.

2.9.2.2.2 Босаңсуды тексеру ҚР ҚН EN 1993-1-6 9 Бөліміне сәйкес өту керек.

2.9.2.2.3 γ_{mi} сенімділіктің жеке коэффициенттері осы құралдың 2.2 Кестесі бойынша қабылдануы керек.

2.2 Кесте - Көтергіш қабілет бойынша сенімділіктің жеке коэффициенттері

Кедергі түрі (қабылдамау сипаты (түрі))	Тиісті γ
Қаптама қабырғасының пластикалық бұзылу шарты бойынша дәнекерленген немесе бұрандама біріктірудің (көлбеу қию үшін) көтергіш қабілеті	γ_{m0}

2.2 Кесте - Көтергіш қабілет бойынша сенімділіктің жеке коэффициенттері (жалғасы)

Кедергі түрі (қабылдау сипаты (түрі))	Тиісті γ
Қаптама тұрақтылығының бұзылуы	γ_{M1}
Дәнекерленген немесе бұрандамалармен біріктірілген қаптаманың ажырауы	γ_{M2}
Қаптаманың топтамалық пластикалық бұзылуы	γ_{M4}
Дәнекерленген немесе бұрандамалық біріктірулердің көтергіш қабілеті	γ_{M5}
Қаптаманың босаңсу арқылы бұзылуы	γ_{M6}

ЕСКЕРТПЕ 1 ҚР ҚН EN 1993-4-2 Ұлттық Қосымшасына сәйкес нормативтік құжаттарда қабылданған γ_{M1} сенімділіктің коэффициенттерінің мәндері ҚР ҚН EN 1993-4-2 ұсынылған мәндерге сәйкес және төмендегіні құрайды:

$$\gamma_{M0} = 1,00$$

$$\gamma_{M1} = 1,10$$

$$\gamma_{M2} = 1,25$$

$$\gamma_{M4} = 1,00$$

$$\gamma_{M5} = 1,25$$

$$\gamma_{M6} = 1,10$$

ЕСКЕРТПЕ 2 γ_{M5} коэффициенті бойынша қосымша ақпарат ҚР ҚН EN 1993-1-8, γ_{M6} коэффициенті бойынша ҚР ҚН EN 1993-1-9 берілген.

2.9.3 Эксплуатациялық сенімділік (жарамдылық) бойынша шектік жағдайлар

2.9.3.1 Құрылымдарды эксплуатациялық беріктігіне тексеру кезінде құрылымға мүмкін болатын өзара біріккен ықпал етулерді (жүктемелерді) ескеру керек. Ықпал етулердің (жүктемелердің) біріккен әрекеті тиісті жабдықты пайдаланудың ережелерінде анық көрсетілген жағдайда ғана есептеу жағдайы ретінде ескерілмейді.

2.9.3.2 Барлық мүмкін болатын есептік жағдайлар үшін γ_{Mser} сенімділіктің тиісті коэффициенттері белгіленуі керек.

ЕСКЕРТПЕ ҚР ҚН EN 1993-4-2 Ұлттық Қосымшасына сәйкес нормативтік құжаттарда $\gamma_{Mser} = 1$ коэффициентінің мәні қабылданған.

2.10 Ықпал етулердің (жүктемелердің) амалдары

2.10.1 Ықпал етулердің (жүктемелердің) біріккен әрекетін (амалын) анықтау кезінде ҚР ҚН EN 1990 келтірілген жалпы талаптарды орындау қажет.

2.10.2 Уақыт және қар жүктемелерінің бір мезгілде ықпал етуін ескеру міндетті түрде емес.

2.10.3 Гидростатикалық сынаудың жүктемесімен қатар жел жүктемесін ескерген кезде оның қысқа мерзімді ретінде қарастырылатын төмендетілген мәні қолданылуы мүмкін.

2.10.4 Резервуарды сынау кезінде сейсмикалық жүктемелерді ескермеуге болады.

2.10.5 Резервуарды сынау кезінде апаттық жүктемелерді ескермеуге болады. Есептік апаттық жағдайларды қарастырған кезде кездейсоқ (апаттық) жүктемелерді ҚР ҚН EN 1990 көрсетілгенге сәйкес есептелу керек.

2.11 Ұзақмерзімділігі

ҚР ҚН EN 1990 көрсетілген жалпы талаптар мен қағидалар ескерілуі қажет.

3 МАТЕРИАЛДАРДЫҢ СИПАТТАМАСЫ

3.1 Жалпы ережелер

3.1.1 Резервуарларды құрастыруда қолданылатын болаттың барлық маркаларында жақсы пісірілу қасиеті болуы қажет. Болашақта резервуарларды жөндеу және қайта құрастыру кезінде ыңғайлы болуы үшін бұл талапты міндетті түрде орындайды.

3.1.2 Резервуарларды құрастыруда қолданылатын домалақ формалы барлық болаттар, бүгілген беттер немес бүгілген элементтерге суық формалауға жарамды болуы тиіс.

3.1.3 ҚР ҚН EN 1993-4-2 3 Бөлімінде қарастырылған материалдың сипаттамаларын номиналды ретінде қарастыру қажет және жобалау мен есептеу кезінде оларды сипаттамалық мәндер ретінде есепкереді, яғни есептеу кезінде сәйкес келетін түзету коэффициенттерін ескеру қажет болады.

3.1.4 Материалдың басқада сипаттамалары ҚР ҚН EN 1993-1-1 анықталған сәйкес келетін көрсетілген стандартта келтірілген.

3.1.5 Резервуарды жоғарғы температуралы сұйықтықтарды сақтау үшін қолданған жағдайда, есептеу мен жобалау кезінде ескерілетін материалдың қасиеттерін материал жұмыстайтын максималды температураны ескерек отырып анықтау қажет.

3.1.6 Жоғарғы температураларда жұмыстайтын (конструкциялық болаттар үшін $T > 100^{\circ}\text{C}$ және тот баспайтын болаттар үшін $T > 50^{\circ}\text{C}$) материалдың (болат) сипаттамалары 13084-7 EN стандарты бойынша анықталуы тиіс.

3.2 Конструкциялық болаттар

3.2.1 ҚР ҚН EN 1993-4-2 келтірілген есептеу және жобалау әдістерін ҚР ҚН EN 1993-1-1 және ҚР ҚН EN 1993-1-3 талаптарына сәйкес келетін конструкциялық болаттарға қолданылуы тиіс.

3.2.2 EN 10025 немесе EN 10049 сәйкес келетін конструкциялық болаттардың механикалық қасиеттерін ҚР ҚН EN 1993-1-1 3 Бөліміне сәйкес немесе ҚР ҚН EN 1993-1-3 3 Бөліміне сәйкес қабылдау қажет.

3.3 Қысым астында жұмыстайтын резервуарлар (сыйымды ыдыс) үшін қолданылатын болаттар

3.3.1 ҚР ҚН EN 1993-4-2 ескертілген жобалау ережелерін EN 10028 бойынша болаттар үшін де қолдануға болады, бұл болаттарды келесі шарттар орындалғанда қысым астында жұмыстайтын резервуарларды (сыйымды ыдыс) жасауға болады:

- аққыштық шегі ҚР ҚН EN 1993-1-1 көрсетілген диапазон аясында;
- осындай аққыштық шегі бар болаттар үшін, ҚР ҚН EN 1993-1-1 сәйкес, шекті деформация минималды мәннен төмен;
- f_u/f_y қатынасы 1,10 кем емес.

3.3.2 Қысым кезінде қолданылатын болаттардың механикалық сипаттамаларын EN 10028-ге сәйкес алу қажет.

3.3.3 Конструкцияны тұрақтылыққа есептеу кезінде ҚР ҚН EN 1993-1-6 3.1 Бөлімшесіне сәйкес, келтірілген сәйкес келетін сипаттамаларды қолдану қажет.

ЕСКЕРТПЕ ҚР ҚН EN 1993-4-2 Ұлттық Қосымшасында ҚР ҚН EN 1993-4-2 3.3 Бөліміне қосымшалаған ешқандай қосымшасы жоқ және оның ережесін толық көлемде қолданады.

3.4 Тот баспайтын болаттар

3.4.1 EN 10088 бойынша тот баспайтын болаттардың механикалық сипаттамалары ҚР ҚН EN 1993-1-4 келтірілген.

3.4.2 Коррозиялық әсерлерді ескере отырып тот баспайтын болаттарды таңдау бойынша басшылықты сәйкес келетін дерек көздерінен алуға болады.

3.4.3 Конструкцияны тұрақтылыққа есептеу кезінде ҚР ҚН EN 1993-1-6 сәйкес келтірілген сипаттамаларды қолдану қажет.

3.5 Соққы тұтқырлығы бойынша талаптар

3.5.1 Жалпы ережелер

3.5.1.1 Соққы тұтқырлығы бойынша талаптарды, ҚР ҚН EN 1993-1-10 бойынша металлдың минималды жобалық температурасы (эксплуатация кезіндегі металлдық минималды температурасы) үшін анықтау қажет.

3.5.1.2 Металлдың минималды жобалық температурасын (ММЖТ) ҚР ҚН EN 1993-4-2 3.5.2 Тармағындағы көрсетілулерге сәйкес анықталады. ММЖТ-ң анықталған мәндерін ҚР ҚН EN 1993-1-10 T_{ed} мәнінің орнына қолдануға болады.

3.5.2 Металлдың минималды жобалық температурасы

3.5.2.1 Металлдың минималды жобалық температурасын келесі екеуінің бірінің минималды мәніне тең деп қабылдайды: резервуардың ішіндегісінің минималды

температурасы немесе осы Құралдың 3.1 Кестесі мен 3.5.2(2) Тармағы бойынша анықталған минималды температура.

3.5.2.2 Металлдың минималды жобалық температурасын (ММЖТ) анықтау үшін қоршаған ортаның минималды орташа күндік температурасы LODMAT (ҚОМОКТ) қолданылады, оны қайсы болсын 24-сағаттық кезеңде тіркелген орташа минималды температура ретінде анықтауға болады. Бұл мәлімет жоқ болған жағдайда, LODMAT (ҚОМОКТ) минималды және максималды температура арасындағы орташа мән ретінде немесе басқа да негізделген әдіс бойынша алуға болады.

LODMAT (ҚОМОКТ) мәнін біле отырып ММЖТ анықтау осы Құралдың 3.1 Кестесі бойынша жүргізіледі.

3.1 Кесте – LODMAT (ҚОМОКТ) негізделген металлдың минималды жобалық температурасы (ММЖТ)

Қоршаған ортаның миникалды орташа күндік температурасы LODMAT (ҚОМОКТ)	Металлдың минималды жобалық температурасы ММЖТ	
	10-жылдық бақылау кезеңі	30-жылдық бақылау кезеңі
$-10^{\circ}\text{C} \leq \text{LODMAT (ҚОМОКТ)}$	$\text{LODMAT (ҚОМОКТ)} + 5^{\circ}\text{C}$	$\text{LODMAT (ҚОМОКТ)} + 10^{\circ}\text{C}$
$-25^{\circ}\text{C} \leq \text{LODMAT (ҚОМОКТ)} \leq -10^{\circ}\text{C}$	LODMAT (ҚОМОКТ)	$\text{LODMAT (ҚОМОКТ)} + 5^{\circ}\text{C}$
$\text{LODMAT (ҚОМОКТ)} \leq -25^{\circ}\text{C}$	$\text{LODMAT (ҚОМОКТ)} - 5^{\circ}\text{C}$	LODMAT (ҚОМОКТ)

4 КОНСТРУКЦИЯНЫ ЕСЕПТЕУ НЕГІЗДЕРІ

4.1 Салмақ көтеру қабілеттігінің шектік жағдайы

4.1.1 Негізгі ережелер

4.1.1.1 Болат конструкциялар, олардың элементтері мен байламдары ҚР ҚН EN 1993-4-2 2 Бөлімінде айтылған талаптарғасай болуы тиіс.

4.1.2 Иілгіш элементтердің есептерде қолданылатын жуандығы

4.1.2.1 Пластинаның есептерде ескерілетін жуандығы EN 10025, EN 10028, EN 10049 немесе EN 10088 сәйкес номиналды жаундыққа тең деп қабылданады.

4.1.3 Коррозияның әсері

4.1.3.1 Коррозияның әсерін ескеру қажет.

4.1.3.2 Коррозия сақталатын сұйықтықтың агрессиялығына, болаттың маркасына, термиялық өңдеуге мен құрылысты коррозиядан қорғау үшін жасалған екіншілік шараларға тәуелді.

4.1.3.3 Қажет болған жағдайда коррозиялық тозыққа жіберілген мәні көрсетілуі тиіс.

4.1.4 Шаршау

4.1.4.1 Тиеу – түсірудің иі болатын циклдарымен сипатталатын эксплуатациялау режимі кезінде конструкцияны шаршау бойынша шектік жағдайға тексеріп отыру қажет.

4.1.4.2 Азцилды шаршауды ескере отырып конструкцияны есептеуды ҚР ҚН EN 1993-1-6 көрсетулер бойынша орындайды.

4.1.4.3 N_f артық эксплуатациялық жобалық мерзімі үшін циклдер саны бар ауыспалы әсерлер (ауылық түсіру) болған жағдайда, конструкцияны ҚР ҚН EN 1993-1-6 9 Бөліміндегі көрсетулерге сәйкес шаршау мықтылығына (LS4) тексеру қажет.

ЕСКЕРТПЕ ҚР ҚН EN 1993-4-2 Ұлттық Қосымшасына сәйкес, қолданыстағы нормативтік құжаттарда циклдардың саны $N_f = 10\,000$ деп қабылданған.

4.1.5 Температуралық әсерлерді ескеру

4.1.5.1 Болат резервуарларды жобалау кезінде резервуардың әр түрлі элементтері арасындағы температуралар әр түрлілігінің әсерін ескеру қажет. Қарастырылып жатқан шектік жағдайға байланысты бұл әсерді конструкцияның элементтеріндегі кернеуді анықтау кезінде сәйкес түрде ескеру қажет.

4.2 Резервуар жобасындағы домалақтың қабығын есептеу

4.2.1 Қабықты модельдеу

4.2.1.1 Қабықты модельдеу кезінде ҚР ҚН EN 1993-1-6 келтірілген талаптар орындалуы тиіс, бірақ төменде келтірілген шарттар орындалса бұл талаптар орындалды деп есептеуге болады.

4.2.1.2 Қабықты моделдеу кезінде қаттылықтың барлық қабырғаларды, қуыстар мен саңылауларды, сонымен қатар қабыққа жабысатын барлық қосымша элементтерді ескеру қажет

4.2.1.3 Есептік сұлбада қабылданған бекіту шарттары және нақты жүзеге асырылған конструктивті шешімдер бір біріне сәйкес келуі тиіс.

4.2.2 Есептеу әдістері

4.2.2.1 Жалпы ережелер

4.2.2.1.1 Қабықты есептеу ҚР ҚН EN 1993-1-6 көрсетілген талаптарды ұстана отырып жүргізілуі тиіс.

4.2.2.1.2 Талдап тексеру дәрежесі, есептеу әдістері және есептеудің қолданылатын теориялары таңдап алынған салдар классына сәйкес болуы тиіс. Қажет болған жағдайда, жобалаушы салдардың жоғарғы классына анықталған есептеу әдістерін қолдануға құқығы бар.

4.2.2.1.3 11.1 Бөлімшеде келтірілген шарттар сақталса, таңдап алған салдар класына қарамастан жобалаушы осы құралдың 11 жобалаудың жеңілдетілген әдісін қолдануға құқығы бар.

4.2.2.2 1 Салдар классы

4.2.2.2.1 1 салдар классына жататаны резервуарлар үшін негізгі кернеулерді анықтау үшін мембрандық (моментсіз) теорияны қолдану ұсынылған. Салдардың осы классы үшін симметриялық емес әсерлер мен локальды бүгілуді есептеудегі ескеруді жеңілдетілген есептеу әдістерін қолдана отырып ескеру ұсынылған.

4.2.2.3 2 Салдар классы

4.2.2.3.1 2 салдар классты резервуарлар үшін осесимметриялық әсерлер (кернеулер) мен бекіту шарттары кезінде есептеудің екі әдісінің бірін қолдануға болады:

а) негізгі кернеулерді анықтау үшін мембранды (моментсіз) теориясы қолданылады, ал локальды эффектілерді ескеру үшін, оның ішінде шеттік эффектіні ескеру үшін - моментті теория қолданылады.

б) есептеудің сандық әдістерін қолдануға болады (мысалы, ақырғы элементтер әдісіне негізделген бағдарламалық кешендер), бұл қолданылатын бағдарламалық өнімдер (әдістер, принциптер) алынатын нәтижелердің сенімділігін қамтамасыз ететін жағдайда ғана 1993-1-6 ҚР ҚН EN –де рұқсат берілген.

4.2.2.3.2 Симметриялық емес әсерлер кезінде, осы құралдың 3 және 4 Тармақтарында аталған жағдайларынан басқа кезде есептеудің сенімді сандық әдістерін қолдануға болады.

4.2.2.3.3 Кернеудің айналымы бойынша біртіндеп өзгеретін резервуар конструкциясына әсер еткен жағдайда, жалпы бүгілуді ғана тудырғанда (гармониканың 1ші формасы), негізгі кернеулерді анықтау үшін мембранды (моментсіз) теорияны қолдануға болады.

4.2.2.3.4 Резервуарды желдік жүктемеге немесе фундаменттердің отыру жүктемесіне есептеу үшін жартылай мембранды немесе мембранды теорияны қолдануға болады.

ЕСКЕРТПЕ ҚР ҚН EN 1993-1-6 мембранды (моментсіз) теорияны қолдана отырып қабықты есептеудің негізгі мәліметтері келтірілген. Жартылай мембранды теория айналымдағы бүгілу қаттылығын ескергендегі мембрананың жұмысын сипаттайды.

4.2.2.3.5 Резервуарларда қабыққа бекітілген қосымша қаттылықтың сақиналы элементтері көп қолданылады. Мембранды теорияны қолдана отырып қабық конструкциясын есептеу кезінде, осындай сақиналы элементтер үшін олардың тиімді

ауданына қосылған сақиналы элементтен $0.78\sqrt{gt}$ жоғары немесе төмен ұзындықты қабықтың учаскелерін қамтиды.

4.2.2.3.6 Қаттылық қабырғалар $5\sqrt{gt}$ артық емес адыммен қабық бойынша орналасқан жағдайда, осы қабырғаларды қабық есебінде қабыққа «жағылғандар» ретінде ескеруге болады (қабық пен қабырғалардың біріккен жұмысы ескеріледі). Бұл жағдайда қабықтағы және қаттылық қабырғаларындағы кернеуды олардың біріккен жұмысын ескере отырып анықтауға болады.


4.2.2.3.7 Қабық пен қаттылық қабырғаларының біріккен жұмысы ескерілсе, онда қаттылық қабырғаларындағы кернеу олардың біріккен жұмысын ескере отырып анықтау қажет.

4.2.2.3.8 Егер сақиналық арқалық дискреттік тіреулерден жоғары монтаждalған болса, онда сақиналық арқалық пен қабықтың шектес сегменттері арасындағы деформацияның бірлескендігі ескерілуі тиіс (осы құралдың 4.1 Суретін қараңыз). Егер осындай сақиналық арқалық қоланылса, онда сақиналық арқалықтың ауырлық орталығының эксцентриситетін ескеру қажет.


4.2.2.3.9 Егер сақиналық арқалық беттік элементтерден жасалған қатты қораптық конструкция болса, онда қиылысудың вертикалды элементтері (қабырғалар) үшін қабырға енінің оның жуандығына (биіктігіне) деген қатынасы $b/t = 20$ мәнінен артық емес болуы тиіс.

4.2.2.3.10 Дискретті тіреулерге немесе бұрандаларға жүктемені беру үшін немесе конструкция элементтерін дискретті (жеке нүктелерде) байланыстырғанда сақиналы арқалықтарды қолданған кезде сақиналы арқалықтың және оғар тірелетін қабықтың деформациясының бірлескендігін ескеру қажет.

а)



б)



а – колонналардағы (дискретті тіреулердегі) резервуардың қарапайым есептік моделі; б – арқалық деформациясының бірлескендігіне байланысты тұрындаған цилиндр деформациясы.

4.1 Сурет – Сақиналы арқалық пен қабық деформациясының бірлескендігі

4.2.2.4 3 Салдар классы

3 салдар классқа жататын резервуарлар үшін ішкі күштер және моменттер ҚР ҚН EN 1993-1-6 анықталғандай сенімді әдістер арқылы анықталуы тиіс (мысалы, қабықты ақырғы элементтер әдісімен зерттеу). Иілгіштік бойынша шектік жағдайды қарастыру (LS1) пластикалық бұзылулар кезіндегі мықтылықты ғана қарастырумен шектеле алады.

4.2.3 Геометрикалық кемшіліктерді ескеру

4.2.3.1 Қабықтың геометрикалық кемшіліктер ҚР ҚН EN 1993-1-6 ескертілген жіберілген шектер аяларда болуы тиіс.

4.2.3.2 2 және 3 салдар классына ататын резервуарлар үшін құрылыс аяқталғанан кейін геометрикалық кемшіліктерді бағалау және олардың көрсеткіштері жіберілген мәндерге сай екендігін тексеру қажет.

4.2.3.3 Егер бөлек ескертілмеген жағдайда, резервуарларды кәдімгі есептеген кезде қабықтың геометрикалық кемшіліктері ескерілмейді. Қабықтың геометрикалық кемшіліктерін геометрикалық (GNIA) және физикалық (GMNIA) сызықтық еместіктердің ескере отырып есептегенде ғана ескереді.

4.3 Тікбұрышты резервуардың қорабтық конструкциясын есептеу

4.3.1 Қорабтық конструкцияны модельдеу

4.3.1.1 Қабықты модельдеу кезінде ҚР ҚН EN 1993-1-7 келтірілген талаптар орындалуы тиіс, бірақ егер төменде келтірілген шарттар орындалса осы талаптар орындалды деп есептеуге болады.

4.3.1.2 Қабықты модельдеу кезінде қаттылықтың барлық қабырғалары, саңылаулар мен ойықтар, сонымен қатар қабыққа тірелетін барлық қосымша элементтер ескерілуі тиіс.

4.3.1.3 Есептік сұлбағадағы орнықтыру шарттары мен нақты қабылданған шешімдер бір біріне сәйкес болуы тиіс.

4.3.1.4 Қорабтық конструкция элементтерінің бір біріне тіркелу байламдарының конструктивт шешімдері модельдеу кезіндегі есептік сұлбада қабылданған есептік болжамдарған (алдын-ала ойлағандарға) сай болуы тиіс.

4.3.1.5 Келесі шарттарды орындаған жағдайда қорабтық конструкцияның әр элементік жеке қарастыруға рұқсат берілген:

а) қарастырылатын элементке көршілес элементтерден берілетін күштер мен моменттердің әсері ескерілген;

б) қарастырылып жатқан пластина үшін шектік шарттарда (тіреу орнықтырулары) көршілес элементтердің бүгілу қаттылығы ескерілген.

4.3.1.6 Жазық беттік элементті жеке тұрған (дискретті) қаттылық қабырғаларымен қатайту кезінде қаттылық қабырғалары мен сәйкес азық элементтегі кернеуді қаттылық қабырғаларын «жағылған» ретінде қарастыруға рұқсат берілген. Бұл кезде, қаттылық қабырғаларының арасындағы арақашықтық $n_s t$ артық емес болуы тиіс, мұндағы n_s мәні Ұлттық Қосымша бойынша анықталады.

ЕСКЕРТПЕ 1993-4-2 ҚР ҚН EN–н Ұлттық Қосымшасында ҚР ҚН EN 1993-4-2 ұсынылған $n_s = 40$ мәні қабылданған.

4.3.1.7 Қабырға мен қаттылық қабырғаларының біріккен жұмысын ескеру кезінде қаттылық қабырғаларындағы кернеу олардың эксцентриситтіне байланысты анықталуы тиіс, сонымен қатар қабырғадағы кернеудің әсерін ескеру қажет.

4.3.1.8 Қаттылық қабырғасының әр жағындағы плитаның есептік ені $n_{ew} t$ артық емес деп алынады, мұндағы t – қаттық қабырғасы тірелетін жердегі плитаның жуандығы, ал n_{ew} мәні Ұлттық Қосымшаға сәйкес анықталады.

ЕСКЕРТПЕ ҚР ҚН EN 1993-4-2 Ұлттық Қосымшасында ҚР ҚН EN 1993-4-2 ұсынылған

$n_{ew} = 15_s$ мәні қабылданған.

4.3.2 Геометрикалық кемшіліктерді ескеру

4.3.2.1 Қабықтың геометрикалық кемшіліктер 1993-1-7 ҚР ҚН EN—де ескертілген жіберілген шектер аяларда болуы тиіс.

4.3.2.2 Егер бөлек ескертілмеген жағдайда, резервуарларды кәдімгі есептеген кезде қабықтың геометрикалық кемшіліктері ескерілмейді.

4.3.3 Есептеу әдістері

4.3.3.1 Қорабтың беттік элементтеріндегі ішкі күштерді келесі әдістер арқылы анықтауға болады:

а) мембрандық күштердің статикалық теңдігі әдісімен және иілудің арқалықтың теориясымен;

б) бүгілу және созылудың сызықтық теориясы (моменттік теория) негізіндегі есеппен;

в) бүгілу және созылудың сызықтық емес теориясы негізіндегі есеппен.

4.3.3.2 1 салдар классына жататын резервуарлар үшін келесі әдісті қолдануға болады: а) осы құралдың (1) Тармағындағы.

4.3.3.3 2 салдар классына жататын резервуарлар үшін симметриялы түрде жүктегенде осы құралдың (1) а) Тармағындағы әдісті қолдануға болады.

4.3.3.4 2 салдар классына жататын резервуарлар үшін симметриялы емес түрде жүктегенде осы құралдың (1) б) немесе в) Тармағындағы әдісті қолдануға болады.

4.3.3.5 3 салдар классына жататын резервуарлар үшін ішкі күштер мен моменттерді анықтау үшін осы құралдың (1) б) немесе в) Тармағындағы әдісті қолдануға болады.

4.4 Гофрирленген беттен жасалған қаптаманың эквивалентті ортотропты қасиеттері

4.4.1 Гофрирленген беттен жасалған қаптаманы есептеуді біркелкі ортотропты қабырғаға эквивалентті деп алып орындаған жөн.

4.4.2 Гофрирленген беттердің ортотроптық қасиеттерін есептеу ҚР ҚН EN 1993-4-1

4.4 Тармағында келтірілген нұскамаларға сәйкес орындалуы тиіс. Алынған сипаттамаларды конструкцияның мықтылығы мен тұрақтылығын талдау үшін қолдануға болады.

5 ЦИЛИНДР ҚАБЫҚТАРДЫ ЖОБАЛАУ

5.1 Негізгі ережелер

5.1.1 Жалпы ережелер

5.1.1.1 ҚР ҚН EN 1993-4-2 2 Бөлімінде көрсетілгендей, салмақ көтеру қабілеттігі бойынша негізгі есептік талаптар орындалатын етіп цилиндр қабықтың өлшемдерін алу қажет.

5.1.1.2 Цилиндр қабықтың сенімділігін ҚР ҚН EN 1993-1-6 талаптарды қолдана отырып бағалау қажет.

5.1.2 Қабырғаны құраудың негізгі принциптері

5.1.2.1 Шектік жағдайлар бойынша есептеуді орындау кезінде резервуардың цилиндр қабырғасының салмақ көтеру қабілеттігін ҚР ҚН EN 1993-1-6 құрылыс нормаларында көрсетілген келесі критерийлер бойынша тексеру қажет:

- жалпы тұрақтылығы және статикалық тепе-теңдігі.
- LS1: пластикалық шектік жағдай
- LS2: цикликалық иілгіштік
- LS3: тұрақтылығын жоғалту
- LS4: шаршау

5.1.2.2 ҚР ҚН EN 1993-4-2 көрсетілген талаптар қамтамасыз етілген жағдайлардан басқа кезде, цилиндр қабықтың қабырғасы ҚР ҚН EN 1993-1-6 талаптарына сай болуы тиіс.

5.1.2.3 1 салдар классты резервуарларда циклдық иілгіштік және шаршаудың шектік жағдайлары бойынша салмақ көтеру қабілеттігін тексермеуге болады.

5.2 Цилиндр қабықтар түрлері

5.2.1 Жазық прокат болат беттерінен жасалған цилиндр қабықтары «изотропты» деп аталады (ҚР ҚН EN 1993-4-1 5.3.2 Тармағын қараңыз).

5.2.2 Гофрирленген беттерден жасалған цилиндр қабығы «горизонтальды гофрирленген» деп аталады (ҚР ҚН EN 1993-4-1 5.3.4 Тармағын қараңыз).

5.2.3 Сыртқы жағынан орналастырылған қаттылық қабырғалары бар цилиндр қабығы «сыртқы қабырғалары бар» деп жіктеледі (ҚР ҚН EN 1993-4-1 5.3.3 Тармағын қараңыз).

5.3 Резервуар қабырғасының салмақ көтеру қабілеттігі

5.3.1 Егер ҚР ҚН EN 1993-4-2 5.4 Тармағында ескертілмеген болса, цилиндр қабықтарды EN 1993-1-6 нұсқауларға сәйкес есептеу қажет.

5.3.2 EN 14015 немесе EN 14620 талаптар орындалған жағдайда, түйісудегі пісірілген тігістердің тұтастығы және өткізбеушілігі қамтамасыз етілген деп есептеуге болады.

5.3.3 Конструкцияның басқа да түрлі қосылыстары ҚР ҚН EN 1993-1-8 сәйкес болуы тиіс.

1 МЫСАЛ Цилиндр резервуардың изотропты қабырғасын есептеу

1 Бастапқы берілгендері

Мысалға «10000 куб.м көлемді, мұнай және мұнай өнімдеріне арналған вертикалық цилиндр болат резервуар» 704-1-170.84 типтік бағдарламасы бойынша 10000 м³ номиналды көлемді болат резервуарды (MEMСТ 27772-88 С235 болат) алайық. Осы резервуар үшін ҚР ҚН EN 1993-4-2 сәйкес келесілерді орындаймыз:

- а) жүктемелерді жинақтау;
- б) кернеулі жағдайдағы компоненттерді анықтау үшін сандық есептеу;
- в) ҚР ҚН EN 1993-4-2 5 Бөліміндегі нұсқаулықтарға сәйкес цилиндр қабырғасын тексеріп есептеу.

1.1 Резервуар көрсеткіштері

Резервуар радиусы $r = 14,250$ м, диаметрі $d = 2 \cdot r = 2 \times 14,25 = 28,5$ м, қабырға биіктігі $H = 18$ м, қабырға белдіктерінің биіктігі $h = 2$ м, белдіктер жуандығының бөлінуі (типтік жобаға сәйкес) 12-9-8-7-6-6-6-6-6 (бірінші белдіктен бастап), жабын – сфералық (көтеру сызығы $f = 1$ м)

Резервуардың сұлбасы 1 Суретінде көрсетілген.

1.2 Резервуар сипаттамасы

- а) номиналды көлем – 10000 м³;
- б) сақталатын өнімнің типі – бензол;
- в) қую биіктігі – 16,5 м;
- г) салдар классы – 2 ҚР ҚН EN 1993-4-2 2.2(3) Тармағы бойынша.

2 Резервуарға жүктемелерді жинақтау

Резервуарды Есептеу және жобалау кезінде ескеруі қажет жүктемелердің тізімі ҚР ҚН EN 1993-4-2 А Қосымшасындағы А.2.1–А.2.14 Тармақтарында келтірілген. Егер резервуарды есептеу және жобалау кезінде ҚР ҚН EN 1993-4-2 11 Бөліміне сәйкес жеңілдетілген әдіс қолданылса, онда жүктемелер тізімі ҚР ҚН EN 1993-4-2 11.1 Тармағында ескертілген шектеулерге сәйкес болуы тиіс.


2.1 Гидростатикалық жүктеме ҚР ҚН EN 1991-4 7 Бөліміндегі нұсқамаларға сәйкес есептеледі. Сұйықтық қысымының сипаттамалық мәні ҚР ҚН EN 1991-4 7.1 Формуласы бойынша анықталады:

$$p(z) = \gamma \cdot z$$

мұндағы z – сұйықтық бетінің астындағы тереңдік;

γ – сақталатын сұйықтықтың салыстырмалы салмағы, ҚР ҚН EN 1991-1-1 А Қосымшасы (А.10 Кестесі) бойынша қолданылады ; $\gamma = 8,8$ кН/м³.


Гидростатикалық қысымнан болатын жүктеменің қабылданған сұлбасы 1 Кестеде (әр белдік бойынша мксималды, минималды және орташа мәндері) және 2 Суретте көрсетілген.



1 Сурет – Резервуар сұлбасы

1 Кесте – Резервуар қабырғасына түсетін гидростатикалық жүктеме

Белдік нөмірі	1	2	3	4	5	6	7	8	9
Белдік асыты деңгейіндегі гидростатикалық қысым, кН/м ²	145,2	127,6	110,0	92,4	74,8	57,2	39,6	22,0	4,4



2 Сурет – Гидростатикалық салынған жүктеменің сұлбасы

2.2 Ішкі (артық) қысымнан болатын жүктеме – 50 кПа.

2.3 Температуралық әсерлерді ескеру қажеттілігі – жоқ.

2.4 Өзінің салмағынан түсетін жүктеме ҚР ҚН EN 1991-1-1 нұсқамаларға сәйкес анықталады. ҚР ҚН EN 1991-1-1 5.1 (4) Тармағына сәйкес өзінің салмағынан түсетін жүктемелерге (резервуардың құрылыс конструкцияларының өзінің салмағынан басқа), сонымен қатар қосымша конструкциялар мен резервуарға бекітілген технологиялық құрылғылардың

салмақтары ескерілуі тиіс.

Жабынға салынатын жүктеме – 1 кПа, оның ішінде:

– өзінің салмағынан – 0,4 кПа;

– технологиялық құрылғының салмағынан – 0,4 кПа.

Қабырғаға салынатын жүктеме – 0,6 кПа.

Жабынға салынатын жүктеме – 0,4 кПа.

2.5 Изоляциядан болатын жүктемелер – жоқ.

2.6 Қардың жүктемесі –ҚР ҚН EN 1991-1-3 нұсқамаларға сәйкес анықталады; мысалда есептік мән 1,4 кПа қабылданған, жүктеме жабын бойынша біркелкі таралғанға тең етіп алынған.

2.7 Жел түсіретін жүктеме –ҚР ҚН EN 1991-4-2 А Қосымшасында келтірілген түсініктермен бірге ҚР ҚН EN 1991-1-4 нұсқаулықтарға сәйкес анықталады. Резервуарға желдің түсіретін жүктемесін есептеу – 2.12 Тармағын қараңыз.

2.8 Вакуум – жоқ.

2.9 Құрылғының қосымша әсерінен болатын жүктеме (ҚР ҚН EN 1991-4-2 А.2.12 Тармағы) – ескерілмейді.

2.10 Біркелкі емес отырғызудан болатын жүктеме – ескерілмейді.

2.11 Апаттық жүктемелер – ескерілмейді.

2.12 Цилиндр резервуар конструкциясына желдің түсіретін жүктемесін есептеу

2.12.1 Бастапқы берілгендер.

Цилиндр резервуардың биіктігі $H = 18,0$ м;

Резервуар диаметрі $d_c = 28,5$ м;

Ауа тығыздығы $\rho = 1,25$ кг/м³ (ҚР ҚН EN 1991-1-4 4.5(1) Тармағындағы 2 Ескертуді қараңыз);

Беттің түрі – ашық түсті беті бар болат.

Беттің эквивалентті кедір-бұдырлығы (ҚР ҚН EN 1991-1-4 7.13 Кестесі) $k = 0,05$ мм.

Резервуар конструкциясы шартты түрде бірнеше бөлікке (сегментке) бөлінеді. Әр бөлік аясындағы жел жүктемесі біркелкі таралған деп алынады. Бөлінген сегменттер саны жобада $n_\theta = 12$. Биіктігі бойынша бөлінген бөліктер саны $n_h = 9$. Резервуар сұлбасы 3 Суретінде көрсетілген.

2.12.2 Цилиндр резервуардың қабырғасына түсетін жел жүктемесін есептеу

Есептеуді ҚР ҚН EN 1991-1-4 5.3 Тармағындағы нұсқаулықтарға сәйкес орындайды. Желдің жүктемесі ҚР ҚН EN 1991-1-4 (5.3) Формуласы бойынша анықталады:


$$F_w = c_s \cdot c_d \cdot c_f \cdot q_p(z_e) \cdot A_{ref},$$

мұндағы $c_s \cdot c_d$ – конструкциялық коэффициент, ҚР ҚН EN 1991-1-4 6 Бөліміндегі нұсқамаларға сәйкес болады; осы мысалда $c_s \cdot c_d = 1$ алынған.

c_f – күштік коэффициент, ҚР ҚН EN 1991-1-4 7 Бөліміндегі нұсқамаларға сәйкес алынған.

$q_p(z_e)$ – ҚР ҚН EN 1991-1-4 7 немесе 8 Тармағы бойынша z_e биіктілігіндегі жылдамдық күшінің шырқау мәні;

A_{ref} – конструкцияның немесе конструктивті элементтің негіздік ауданы.



3 Сурет – Жел жүктемесін анықтауға арналған резервуар сұлбасы

2.12.2.1 Аэродинамикалық коэффициенттерді есептеу

ҚР ҚН EN 1991-1-4 7.1(1) Тармағына сәйкес жел жүктемесін есептеу кезінде келесі коэффициенттерді ескеру қажет:

а) ішкі және сыртқы қысым коэффициенттері (ҚР ҚН EN 1991-1-4 7.1.1(1) Тармағын қараңыз);

б) иілгіш конструкцияларға арналған қысым коэффициенті (net pressure coefficients) (ҚР ҚН EN 1991-1-4 7.1.1(2) Тармағын қараңыз);

в) үйкеліс коэффициенті (ҚР ҚН EN 1991-1-4 7.1.1(3) Тармағын қараңыз);

г) күш коэффициенті (ҚР ҚН EN 1991-1-4 7.1.1(4) Тармағын қараңыз).

2.12.2.2 Ішкі және сыртқы қысымдар коэффициенттері

Цилиндр қабықтарына арналған аэродинамикалық коэффициенттер ҚР ҚН EN 1991-4-2 А

Қосымшасында келтірілген нақтыламаларды ескере отырып ҚР ҚН EN 1991-1-4 7.2.9 (ішкі беттер үшін) және 7.9.1 (сыртқы беттер үшін) Тармақтарындағы нұсқамаларға сәйкес анықталады. Осы мысалда сыртқы беттер үшін ғана аэродинамикалық коэффициенттерді ғана анықтаймыз.

2.12.2.2.1 Рейнольдс санын ҚР ҚН EN 1991-1-4 (7.15) Формула бойынша анықтаймыз:

$$Re = \frac{b \cdot v(z_e)}{\nu}$$

мұндағы b – резервуар диаметрі, $b = 28,5$ м;

ν – ауаның кинематикалық тұтқырлығы; $\nu = 15 \times 10^{-6}$ м²/с;

$v(z_e)$ – z_e биіктігіне байланысты ҚР ҚН EN 1991-1-4 7.27 Суретке берілген 2 Ескерту бойынша анықталатын жел жылдамдығының шыңылау мәні.

$$v = \sqrt{\frac{2 \cdot q_p}{\rho}}$$

q_p көлемі 4.8 Формуласы бойынша анықталады, және z биіктігіне тәуелді:

$$q_p(z) = c_e(z) \cdot q_b$$

$c_e(z)$ – биіктікке тәуелді коэффициент, және ол ҚР ҚН EN 1991-1-4 4.2 График бойынша анықталады;

q_b – ҚР ҚН EN 1991-1-4 (4.10) Формуласы бойынша анықталатын базалық жел қысым:

$$q_b = \frac{1}{2} \cdot \rho \cdot v_b^2 = \frac{1}{2} \times 1,25 \times 6^2 = 22,5 \frac{\text{кг}}{\text{м} \cdot \text{с}^2}$$

v_b – ҚР ҚН EN 1991-1-4 4.2(2) Тармағындағы нұсқамаларға сәйкес анықталатын жел жылдамдығы; осы мысалда 6 м/с тең етіп алынған.

Жергілікті жер категориясы 3 қабылдаймыз (ҚР ҚН EN 1991-1-4 4.1 Кестесін қараңыз) және $c_e(z)$ мәнін ҚР ҚН EN 1991-1-4 4.2 График бойынша анықтаймыз.

1-ші белдік үшін

$$q_p(z_1) = c_e(z_1) \cdot q_b = 1,28 \times 22,5 = 28,8 \frac{\text{кг}}{\text{м} \cdot \text{с}^2}$$

$$v = \sqrt{\frac{2 \cdot q_p(z_1)}{\rho}} = \sqrt{\frac{2 \times 28,8}{1,25}} = 6,788 \text{ м/с}$$

$$Re(z_1) = \frac{b \cdot v(z_e)}{\nu} = \frac{28,5 \times 6,788}{15 \times 10^{-6}} = 12,90 \times 10^6$$

Резервуардың басқа белдіктері үшін Re мәні осы ияқты анықталады.

Резервуардың әр түрлі белдіктері үшін Рейнольдс санын Re анықтаудың нәтижелері 2 Кестеде келтірілген.

2.12.2.2.2 Қысым коэффициенттерін анықтау

Қысым коэффициенттері ҚР ҚН EN 1991-1-4 (7.16) Формуласы бойынша анықталады:

$$c_{pe} = c_{p,0} \cdot \psi_{\lambda\alpha}$$


мұндағы $c_{p,0}$ – құйындауды ескерегендегі қысым коэффициенті; α бұрышына байланысты ҚР ҚН EN 1991-1-4 7.27 график бойынша анықталады;

$\psi_{\lambda\alpha}$ – құйындауды ескеретін қысым коэффициенті; ҚР ҚН EN 1991-1-4 (7.17) Формуласы бойынша анықталады.

2 Кесте – Резервуар белдіктеріне арналған Рейнольдс санының мәндері

Белдік №	Белдік ортасындағы белгі z_e , м	$c_e(z)$	$q_p(z)$, $\frac{\text{кг}}{\text{м}^2}$	Желжылдамдығының шыңынау мәні $v(z_e)$, м/с	Рейнольдс саны Re , 10^6
1	1	1,28	28,8	6,788	12,90
2	3	1,28	28,8	6,788	12,90
3	5	1,28	28,8	6,788	12,90
4	7	1,45	32,625	7,225	13,73
5	9	1,68	37,8	7,777	14,78
6	11	1,73	38,925	7,892	14,99
7	13	1,86	41,85	8,183	15,55
8	15	1,98	44,55	8,443	16,04
9	17	2,07	46,575	8,632	16,40

Есепті айналым бұрышы $\Delta\alpha = 30^\circ$ тең деп алып орындаймыз. Қосымша мәндерді α_{\min} (минималды мәні) және α_A (ҚР ҚН EN 1991-1-4 (7.17) Формуланы және 7.27 Суретін қараңыз) бұрыштары үшін анықтаймыз. 7.27 Суреті бойынша $\alpha_{\min} = 75^\circ$ және $\alpha_A = 100^\circ$ мәндерін қабылдаймыз.



4 Сурет – Қысым коэффициенттерін есептеу

$\psi_{\lambda\alpha}$ мәнін есептеу кезінде, алын ала ψ_λ мәнін анықтаймыз, ол келесідей анықталады.

Бұрыштың α әр түрлі мәндері үшін c_{pe} мәнін анықтаймыз.

$\alpha = 0^\circ$ болғанда

$$c_{p,0} = +1,0$$

$$\psi_{\lambda\alpha} = 1$$

$$c_{pe} = c_{p,0} \cdot \psi_{\lambda\alpha} = (+1,0) \times 1 = +1,0$$

$\alpha = 30^\circ$ болғанда

$$c_{p,0} = +0,1$$

$$\psi_{\lambda\alpha} = 1$$

$$c_{pe} = c_{p,0} \cdot \psi_{\lambda\alpha} = (+0,1) \times 1 = +0,1$$

$\alpha = 60^\circ$ болғанда

$$c_{p,0} = -1,2$$

$$\psi_{\lambda\alpha} = 1$$

$$c_{pe} = c_{p,0} \cdot \psi_{\lambda a} = (-1,2) \times 1 = -1,2$$

$\alpha = 75^0$ болғанда

$$c_{p,0} = -1,4$$

$$\psi_{\lambda a} = \psi_{\lambda} + (1 - \psi_{\lambda}) \cdot \cos\left(\frac{\pi}{2} \cdot \left(\frac{\alpha - \alpha_{\min}}{\alpha_A - \alpha_{\min}}\right)\right) = 0,92 + (1 - 0,92) \times \cos\left(\frac{\pi}{2} \times \left(\frac{75^{\circ} - 75^{\circ}}{100^{\circ} - 75^{\circ}}\right)\right) = 1$$

$$c_{pe} = c_{p,0} \cdot \psi_{\lambda a} = (-1,4) \times 1 = -1,4$$

$\alpha = 90^0$ болғанда

$$c_{p,0} = -1,3$$

$$\begin{aligned} \psi_{\lambda a} &= \psi_{\lambda} + (1 - \psi_{\lambda}) \cdot \cos\left(\frac{\pi}{2} \cdot \left(\frac{\alpha - \alpha_{\min}}{\alpha_A - \alpha_{\min}}\right)\right) = 0,92 + (1 - 0,92) \times \cos\left(\frac{\pi}{2} \times \left(\frac{90^{\circ} - 75^{\circ}}{100^{\circ} - 75^{\circ}}\right)\right) \\ &= 0,9670 \end{aligned}$$

$$c_{pe} = c_{p,0} \cdot \psi_{\lambda a} = (-1,3) \times 0,9670 = -1,257$$

$\alpha = 100^0$ болғанда

$$c_{p,0} = -0,8$$

$$\psi_{\lambda a} = \psi_{\lambda} + (1 - \psi_{\lambda}) \cdot \cos\left(\frac{\pi}{2} \cdot \left(\frac{\alpha - \alpha_{\min}}{\alpha_A - \alpha_{\min}}\right)\right) = 0,92 + (1 - 0,92) \times \cos\left(\frac{\pi}{2} \times \left(\frac{100^{\circ} - 75^{\circ}}{100^{\circ} - 75^{\circ}}\right)\right) = 0,92$$

$$c_{pe} = c_{p,0} \cdot \psi_{\lambda a} = (-0,8) \times 0,92 = -0,736$$

$\alpha = 120^0$ болғанда

$$c_{p,0} = -0,8$$

$$\begin{aligned} \psi_{\lambda a} &= \psi_{\lambda} + (1 - \psi_{\lambda}) \cdot \cos\left(\frac{\pi}{2} \cdot \left(\frac{\alpha - \alpha_{\min}}{\alpha_A - \alpha_{\min}}\right)\right) = 0,92 + (1 - 0,92) \times \cos\left(\frac{\pi}{2} \times \left(\frac{120^{\circ} - 75^{\circ}}{100^{\circ} - 75^{\circ}}\right)\right) \\ &= 0,8439 \end{aligned}$$

$$c_{pe} = c_{p,0} \cdot \psi_{\lambda a} = (-0,8) \times 0,8439 = -0,6751$$

$\alpha = 150^0$ болғанда

$$c_{p,0} = -0,8$$

$$\psi_{\lambda a} = \psi_{\lambda} + (1 - \psi_{\lambda}) \cdot \cos\left(\frac{\pi}{2} \cdot \left(\frac{\alpha - \alpha_{\min}}{\alpha_A - \alpha_{\min}}\right)\right) = 0,92 + (1 - 0,92) \times \cos\left(\frac{\pi}{2} \times \left(\frac{150^{\circ} - 75^{\circ}}{100^{\circ} - 75^{\circ}}\right)\right) = 0,92$$

$$c_{pe} = c_{p,0} \cdot \psi_{\lambda a} = (-0,8) \times 0,92 = -0,736$$


$\alpha = 180^0$ болғанда

$$c_{p,0} = -0,8$$

$$\begin{aligned} \psi_{\lambda a} &= \psi_{\lambda} + (1 - \psi_{\lambda}) \cdot \cos\left(\frac{\pi}{2} \cdot \left(\frac{\alpha - \alpha_{\min}}{\alpha_A - \alpha_{\min}}\right)\right) = 0,92 + (1 - 0,92) \times \cos\left(\frac{\pi}{2} \times \left(\frac{180^{\circ} - 75^{\circ}}{100^{\circ} - 75^{\circ}}\right)\right) \\ &= 0,9961 \end{aligned}$$

$$c_{pe} = c_{p,0} \cdot \psi_{\lambda a} = (-0,8) \times 0,9961 = -0,7969$$

Резервуар айналымы бойынша c_{pe} коэффициенттерінің бөліну сұлбасы 5 Суретте көрсетілген.



5 Сурет – Резервуар айналымы бойынша c_{re} коэффициенттерінің бөліну сұлбасы

2.12.2.3 Иілгіш конструкцияларға арналған қысым коэффициенттері (net pressure coefficients)

ҚР ҚН EN 1991-1-4 7.1.1(2) Тармағына сәйкес иілгіш конструкцияларға арналған қымыс коэффициенттері (net pressure coefficients) ткань навестер, тенттер, еркін тұрған қабырғалар, беттер, парпеттер және қашалар үшін ескерілуі тиіс. Резервуар үшін бұл коэффициент ескерілмейді.

2.12.2.4 Үйкеліс коэффициенттері – ескерілмейді.

2.12.2.5 Күш коэффициенттері c_f

Цилиндр қабыққа арналған күш коэффициенттері c_f ҚР ҚН EN 1991-1-4 7.9.2 Тармағындағы нұсқаулықтарға сәйкес анықталады.

Күш коэффициенттері ҚР ҚН EN 1991-1-4 7.19 Формула бойынша анықталады.

$$c_f = c_{f,0} \cdot \psi_\lambda$$

мұндағы $c_{f,0}$ – құйындауды ескермегендегі тұрақты күш коэффициенті; Рейнольдс саны (2.1.1 Тармағын қараңыз) және k/b қатынасына байланысты ҚР ҚН EN 1991-1-4 7.28 График бойынша анықталады;

ψ_λ – ауаның қуйындауын ескеретін коэффициент; λ (ҚР ҚН EN 1991-1-4 7.16 Кестені қараңыз) мәндеріне және φ (ҚР ҚН EN 1991-1-4 (7.28) Формулань қараңыз).

k/b қатынасын анықтаймыз.

10^7 артық Рейнольдс саны болғанда, онда қатынас

$$\frac{k}{b} = \frac{0,05}{28,5} = 1,754 \times 10^{-3}$$

$c_{f,0}$ коэффициентін сызықтық интерполяция көмегімен анықтаймыз

$$c_{f,0}(R_e = 10^{-2}) = 1,07 \quad c_{f,0}(R_e = 10^{-3}) = 0,94$$

$$c_{f,0}(R_e = 1,754 \times 10^{-3}) = \frac{1,07 - 0,94}{10^{-2} - 10^{-3}} \times (1,754 \cdot 10^{-3} - 10^{-3}) + 0,94 = 0,9509$$

ψ_λ анықтаймыз.

$\varphi = 1$ деп аламыз (себебі, резервуар проекциясының ауданы жел ағынында тұрған резервуар элементтері ауданының сомасына тең).

λ мәнін ҚР ҚН EN 1991-1-4 7.16 Кесте бойынша анықтаймыз. 7.16 Кестедегі 4 Тармақ және резервуардың жалпы биіктігі 19 м үшін кестеде кеңес берілгендей сызықтық интерполяцияны қолданамыз.

$b = 28,5$ м және $l = 19$ м болғанда:

$$l = 50 \text{ м үшін } \lambda_{50} = 0,7 \cdot \frac{l}{b} = 0,7 \times \frac{50}{28,5} = 1,228 < 70$$

$\lambda_{50} = 70$ қабылдаймыз.

$$l = 15 \text{ м үшін } \lambda_{15} = \frac{l}{b} = \frac{15}{28,5} = 0,526 < 70$$

$\lambda_{15} = 70$ қабылдаймыз.

Соңында $\lambda = 70$ қабылдаймыз

ҚР ҚН EN 1991-1-4 7.36 Графигі бойынша $\lambda = 70$ әне $\varphi = 1$ болғанда $\psi_\lambda = 0,92$ қабылдаймыз.

c_f күш коэффициенті:

$$c_f = c_{f,0} \cdot \psi_\lambda = 0,9509 \times 0,92 = 0,8748$$

2.12.2.6 z_e $q_p(z_e)$ биіктігіндегі жел жылдамдығының шыңылау жүктеме мәні – 2.1.1.1 Тармағы бойынша анықталған Рейнольдс санына аламыз.

2.12.2.7 Негізгі ауданды есептеу

Конструктивті элементтің негізгі ауданын 1991-1-4 ҚР ҚН EN–гі 7.9.2 Тармақ, (7.20) Формуласы бойынша анықтаймыз:

$$A_{ref} = l \cdot b = 2 \times 28,5 = 57 \text{ м}^2$$

мұндағы l – сегмент биіктігі; $l = 2 \text{ м}$.

2.12.2.8 Конструкцияға немесе жалпы сегменте әсер ететін жел жүктемесін есептеу

$$F_w = c_s \cdot c_d \cdot c_f \cdot q_p(z_e) \cdot A_{ref} = 1 \times 0,8748 \cdot q_p(z_e) \times 57 = 49,86 \cdot q_p(z_e)$$

1-ші белдік

$$F_{w1} = 49,86 \cdot q_p(z_e) = 49,86 \times 28,8 = 1436 \text{ кг} = 14,36 \text{ кН}$$

2-ші белдік

$$F_{w2} = 49,86 \cdot q_p(z_e) = 49,86 \times 28,8 = 1436 \text{ кг} = 14,36 \text{ кН}$$

3-ші белдік

$$F_{w3} = 49,86 \cdot q_p(z_e) = 49,86 \times 28,8 = 1436 \text{ кг} = 14,36 \text{ кН}$$

4-ші белдік

$$F_{w4} = 49,86 \cdot q_p(z_e) = 49,86 \times 32,625 = 1627 \text{ кг} = 16,27 \text{ кН}$$

5-ші белдік

$$F_{w5} = 49,86 \cdot q_p(z_e) = 49,86 \times 37,8 = 1885 \text{ кг} = 18,85 \text{ кН}$$

6-ші белдік

$$F_{w1} = 49,86 \cdot q_p(z_e) = 49,86 \times 38,925 = 1941 \text{ кг} = 19,41 \text{ кН}$$

7-ші белдік

$$F_{w1} = 49,86 \cdot q_p(z_e) = 49,86 \times 41,85 = 2087 \text{ кг} = 20,87 \text{ кН}$$

8-ші белдік

$$F_{w1} = 49,86 \cdot q_p(z_e) = 49,86 \times 44,55 = 2221 \text{ кг} = 22,21 \text{ кН}$$

9-ші белдік

$$F_{w1} = 49,86 \cdot q_p(z_e) = 49,86 \times 46,575 = 2322 \text{ кг} = 23,22 \text{ кН}$$

2.12.2.9 Сандық есептеуге арналған жел жүктемесін есептеу

Сандық есептеудегі ғимаратқа әсер ететін жел жүктемесі негізгі ауданды A_{ref} ескермейтін, ҚР ҚН EN 1991-1-4 (5.3) Формула бойынша анықталатын жел жүктемеі болып табылады, яғни:

$$W = \frac{F_w}{A_{ref}} = c_s \cdot c_d \cdot c_{aer} \cdot q_p(z_e)$$

мұндағы $c_{aer} = c_p \cdot c_f$


Әр белдік бойынша аудан бірілігіне есептелген қысым 3 Кестеде көрсетілген.

Резервуар қабырғасына жүктелетін жел үктемесінің сұлбалары 6–12 Суреттерінде


көрсетілген.

3 Кесте – Жел жүктемесінен резервуар қабырғасына түсетін қысым


Белдік №	$q_p(z)$, $\frac{\text{кг}}{\text{м}^2}$	Резервуар қабырғасына түсетін қысым, $\text{кг}/\text{м}^2$								
		Бұрыш								
		0°	30°	60°	75°	90°	100°	120°	150°	180°
		Коэффициент c_p								
		1	0.1	-1.2	-1.4	-1.257	-0.736	-	-0.736	-
1	28,8	25,19	2,52	-30,23	-35,27	-31,67	-18,54	-17,01	-18,54	-20,08
2	28,8	25,19	2,52	-30,23	-35,27	-31,67	-18,54	-17,01	-18,54	-20,08
3	28,8	25,19	2,52	-30,23	-35,27	-31,67	-18,54	-17,01	-18,54	-20,08
4	32,625	28,54	2,85	-34,25	-39,96	-35,88	-21,01	-19,27	-21,01	-22,74
5	37,8	33,07	3,31	-39,68	-46,29	-41,57	-24,34	-22,32	-24,34	-26,35
6	38,925	34,05	3,41	-40,86	-47,67	-42,8	-25,06	-22,99	-25,06	-27,14
7	41,85	36,61	3,66	-43,93	-51,25	-46,02	-26,95	-24,72	-26,95	-29,17
8	44,55	38,97	3,9	-46,77	-54,56	-48,99	-28,68	-26,31	-28,68	-31,06
9	46,575	40,74	4,07	-48,89	-57,04	-51,21	-29,99	-27,51	-29,99	-32,47




Резервуар қабырғасының осі Резервуар қабырғасының осі

6 Сурет – Резервуар қабырғасының 1-3 белдіктеріне түсірілген жел жүктемесінің сұлбасы

Резервуар қабырғасының осі Резервуар қабырғасының осі


7 Сурет – Резервуар қабырғасының 4-ші белдігіне түсірілген жел жүктемесінің сұлбасы

Резервуар қабырғасының осі Резервуар қабырғасының осі

8 Сурет – Резервуар қабырғасының 5-ші белдігіне түсірілген жел жүктемесінің сұлбасы


Резервуар қабырғасының осі Резервуар қабырғасының осі

9 Сурет – Резервуар қабырғасының 6-шы белдігіне түсірілген жел жүктемесінің сұлбасы




Резервуар қабырғасының осі Резервуар қабырғасының осі

10 Сурет – Резервуар қабырғасының 7-ші белдігіне түсірілген жел жүктемесінің сұлбасы



Резервуар қабырғасының осі Резервуар қабырғасының осі

11 Сурет – Резервуар қабырғасының 8-ші белдігіне түсірілген жел жүктемесінің сұлбасы




Резервуар қабырғасының осі Резервуар қабырғасының осі

12 Сурет – Резервуар қабырғасының 9-шы белдігіне түсірілген жел жүктемесінің сұлбасы

2.12.3 Цилиндрлік резервуардың төбесіне түсетін желдік жүктеменің есебі

Резервуардың төбесіне түсетін желдік жүктеменің есебі, қысым коэффициентін C_{pe} анықтаудан басқа жағдайда, қабырғаға ұқсас есептеледі. Резервуардың төбесіне түсетін желдік жүктеменің қысым коэффициенттері C_{pe} резервуардың биіктігіне, диаметріне және көтеру жебесіне қарай ҚР ҚН EN 1991-1-4 нормативінің 7.2.8-тармағына сәйкес, ҚР ҚН EN 1991-1-4 7.12-Кестесі бойынша анықталады. Резервуардың төбесі бойынша желдік жүктемені бөлу сұлбасы 13-серетте келтірілген.



13 Сурет - Резервуардың төбесі бойынша желдік қысымды бөлу сұлбасы

Резервуардың диаметрі $b = d = 28,5$ м, резервуардың биіктігі $h = 18$ м және резервуар төбесінің көтеру жебесі $f = 1$ м болған жағдайда ҚР ҚН EN 1991-1-4 7.12 Суреті (кестесі) бойынша А, В және С коэффициенттерінің мәндері анықталады. Төмендегі қатынас бойынша:

$$h/d = 18/28,5 = 0,6316$$

$$f/d = 1/28,5 = 0,0351 \text{ қатынастары бойынша мәндері:}$$

$A = -1,4$, $B = -0,48$, $C = -0,48$ тең болады..


Тиісінше шекаралық нүктелердегі (төбенің шеттері мен ортасы бойынша) резервуар төбесіне түсетін жүктеменің мәндері:

$$W_A = c_s \cdot c_d \cdot c_f \cdot c_{pA} \cdot q_p(z_e) = 1 \times 0,8748 \times (-1,4) \times 46,575 = -57,04 \text{ кг/м}^2$$

$$W_B = c_s \cdot c_d \cdot c_f \cdot c_{pB} \cdot q_p(z_e) = 1 \times 0,8748 \times (-0,48) \times 46,575 = -19,56 \text{ кг/м}^2$$

$$W_C = c_s \cdot c_d \cdot c_f \cdot c_{pC} \cdot q_p(z_e) = 1 \times 0,8748 \times (-0,48) \times 46,575 = -19,56 \text{ кг/м}^2 \text{ кұрайды.}$$

Резервуардың төбесіне түсетін желдік жүктеме қосымшасының сұлбасы 14 Суретте келтірілген.



а) Қысым коэффициенттерінің бөлінуі; б) жүктеме мәндерінің бөлінуі (кг/м^2)

14 Сурет - Резервуардың қабырғасына түсетін желдік жүктеме қосымшасының сұлбасы

3 Есептеу жағдайлары

Есептеу жағдайлары (ықпал ету комбинациялары) В.4(1)Р Тармағына сәйкес 6 ҚР ҚН EN 1990 6-тарауының жалпы талаптары бойынша қабылданады.

Сондай-ақ, ҚР ҚН EN 1993-4-2 2-тарауында көрсетілген үш есептеу жағдайының талаптары мен ұсыныстарын сақтау қажет (2.1 Кестені қар.):

- а) қалыпты пайдалану үдерісіндегі сұйықтықтан туындаған жүктемелер;
- б) сынақ жүргізу үдерісінде сұйықтықтан туындаған жүктемелер;
- в) оқыс (апаттық) жағдайлар.

Әрбір есептік жағдай үшін тиісті жеке сенімділік коэффициенттері белгіленген.

Осы үлгіде 1-есептік жағдай ғана (ҚР ҚН EN 1993-4-2 2.1 Кестесін қар.) «Қалыпты пайдалану үдерісіндегі сұйықтықтан туындаған жүктемелер». Сұйықтықтан туындаған жүктемелік мәндер ҚР ҚН EN 1993-4-2 А.2.1.1 Тармағына және ҚР ҚН EN 1991-4 В.2.1(1)Р Тармағына сәйкес нөлден ең жоғары мәнге дейін ауыспалы ретінде қабылданған.

Есептеу күшінің мәні ҚР ҚН EN 1990 (6.9b) Формуласы бойынша анықталады:

$$N_p = \gamma_G \cdot N_G + \gamma_{Q1} \cdot N_{Q1} + \gamma_{Q2} \cdot N_{Q2} \cdot \psi_{0,2}$$

мұндағы, N_G – тұрақты жүктеменің күші;

N_{Q1} – негізгі ауыспалы жүктеменің күші;

N_{Q2} – ілеспе ауыспалы жүктеменің күші;

$\gamma_G, \gamma_{Q1}, \gamma_{Q2}, \psi_{0,2}$ – жүктемелер бойынша жеке сенімділік коэффициенттері.

Жүктемелер бойынша жеке сенімділік коэффициенттері γ_F ($\gamma_G, \gamma_{Q1}, \gamma_{Q2}$):

- а) тұрақты жүктемелер үшін – ҚР ҚН EN 1993-4-2 2.1 Кестесі бойынша $\gamma_F = 1,35$;
- б) гидростатикалық жүктемелер үшін – ҚР ҚН EN 1991-4 В.3(2)тармағы бойынша $\gamma_F = 1,20$;

в) қарлы және желдік жүктемелер үшін – ҚР ҚН EN 1990 бойынша $\gamma_F = 1,50$ болып қабылданған.

Үйлесімділік коэффициенттерінің мәндері ψ ҚР ҚН EN 1990 нұсқаулары мен ҚР ҚН EN 1991 тиісті бөлімдеріне сәйкес қабылданады. Осы үлгінің мақсаттары үшін Үйлесімділік коэффициенттерінің мәндері ψ ҚР ҚН EN 1990 А Қосымшасында ұсынылған мәндерге тең деп қабылданған.

- а) қарлы жүктемелер – $\psi_0 = 0,5$, $\psi_1 = 0,2$, $\psi_2 = 0,0$;
а) желдік жүктемелер – $\psi_0 = 0,6$, $\psi_1 = 0,2$, $\psi_2 = 0,0$;

1 ЕСКЕРТПЕ ҚР ҚН EN 1991-4 В.3(2) Тармағына сәйкес қалыпты пайдалану кезіндегі гидростатикалық жүктемелер үшін жеке сенімділік коэффициенті $\gamma_F = 1,20$ тең.

2 ЕСКЕРТПЕ ҚР ҚН EN 1993-4-2 2.1 Кестесіне сәйкес сұйықтық түріне қарай гидростатикалық жүктемелер үшін (1-есептік жағдай 2.1 Кестеде) жеке сенімділік коэффициенті $\gamma_F = 1,20 \dots 1,40$ шегінде өзгеріп отырады.

Жоғарыда көрсетілген құжаттардың келісімін Ұлттық Қосымшалар деңгейінде орындау қажет.

Осы үлгінің мақсаттары үшін шартты түрде $\gamma_F = 1,20$ мәні қабылданған.

ҚР ҚН EN 1993-4-2 А Қосымшасына сәйкес осы үлгіде резервуарды пайдалану кезіндегі екі есептік жағдай қарастырылды – толтырылған және бос резервуар:

- а) «жеке салмағы + гидростатикалық жүктеме + артық қысым + қар»;
б) «жеке салмағы + жел».

4 Тең әрекет ету кернеулерінің есебі

Резервуар конструкцияларының есебі осы көмекші құралдың 7.2.2.3.1 Тармағының нұсқауларына сәйкес жүргізілді. Резервуар 2-салдарлар сыныбына жатқызылатындықтан, есеп Lira Soft ДК (осы көмекші құралдың 7.2.2.3.1, б Тармағын қар.) пайдалану арқылы есептеудің сандық әдістері қолдана отырып орындалды.

4.1 Тең әсерлі кернеулерді анықтауға арналған СЭӘ қолданылуымен цилиндрлік резервуардың кеңістіктік есебі.

Резервуардың есептік сұлбасы 0.000 м белгісімен анықталған үш конструктивтік элементтен (сфералық төбе, цилиндрлі қабырғалар, тегіс түп) тұратын кеңістікті жұқа қабырғалы конструкцияны бейнелейді.

Резервуардың қабығының элементтерін модельдеу СЭ 44 (Lira ДК қабықтың әмбебап төртбұрышты соңғы элементі) қолдану арқылы жүргізілді.

Бункер элементтеріндегі кернеулерді анықтау ҚР ҚН EN 1991-4 және ҚР ҚН EN 1993-4-2 сәйкес қабылданған жеке сенімділік коэффициенттері жүктемелерінің екі есептік комбинациясында жүргізілді (3 Тармақты қар.):

- 1- комбинация - «жеке салмағы + гидростатикалық жүктеме + артық қысым + қар»;
- 2 - комбинация - «жеке салмағы + жел».

Резервуардың элементтеріндегі кернеулерді анықтау әр комбинация үшін жүргізілді, бұл ретте жүктемелер үйлесімділік коэффициенттерімен бір мезгілде берілді.


Резервуардың есептік сұлбасы 15 Суретте, гидростатикалық жүктеме әрекетінен өзгеріске ұшыраған сұлба 16 Суретте, желдік жүктеме әрекетінен өзгеріске ұшыраған сұлба 17 Суретте, 1-комбинация бойынша өзгеріске ұшыраған сұлба 18 Суретте, 2-комбинация бойынша өзгеріске ұшыраған сұлба 19 Суретте көрсетілген.

Статикалық есептеу нәтижелері бойынша резервуар элементтеріндегі қалыпты кернеулер мен майысу сәттері алынды.


Бірінші есептеу комбинациясының жүктемелері әрекетінен болған цилиндр қабырғасындағы қалыпты сақиналық кернеулердің бөлінуі 20 а) Суретте, екінші есептеу комбинациясының жүктемелерінен – 20 б) Суретте келтірілген. Бірінші есептеу комбинациясының жүктемелері әрекетінен болған цилиндр қабырғасындағы қалыпты меридионалдық кернеулердің бөлінуі 21 а) Суретте, екінші есептеу комбинациясының жүктемелерінен – 21 б) Суретте келтірілген. Статикалық есептеу нәтижелері бойынша қабықтағы қалыпты кернеулер кН/см^2 алынған.

Кернеу мәндерінен ауысу үшін статикалық есептеу кезінде алынған (қабырғаның берілген қабырғалары үшін кернеу мәндері кН/см^2 алынған) бұдан былай резервуар қабырғасы элементтерінің беріктігі мен тұрақтылығын тексеру үшін кернеудің есептеу мәндері 4,5-Кестелерде қалыптастырылды. Аталған кестелерге резервуардың жекелеген белдеулеріндегі ең жоғары кернеулер жазылды. Нәтижелер қабықтың нақты қалыңдығы кезіндегі кернеуден қабақ қалыңдығынан бір сантиметр артық кернеуге көшу арқылы қабықтың кернеулік жағдайындағы компоненттер түрінде берілді.


Резервуардың әр түрлі элементтері үшін ең жоғары кернеулер сәйкес келмейтін болғандықтан, қабық элементтеріндегі кернеулер екі есептеу комбинациясы үшін жеке келтірілген. Резервуар белдеулерінің есебі орындалатын болғандықтан, 1-есептік жағдай күшке неғұрлым қолайсыз болып табылады.




15 Сурет - Lira Soft ортасындағы резервуардың есептік сұлбасы




16 Сурет - Гидростатикалық жүктеме әрекетінен өзгеріске ұшыраған сұлба



17 Сурет - Желдік жүктеме әрекетінен өзгеріске ұшыраған сұлба




18 Сурет - 1-комбинация бойынша өзгеріске




19 Сурет - 2-комбинация бойынша өзгеріске

ұшыраған сұлба



С.В + гидро+қар+иіліс
Қуаттың жеке алаңы N_x
Өлшем бірлігі – кН/м^2




а)

ұшыраған сұлба



С.В + гидро+қар+иіліс
Қуаттың жеке алаңы N_x
Өлшем бірлігі – кН/м^2




б)

а) 1-комбинация; б) 2-комбинация


20 Сурет - Жүктемелер әсерінен болған цилиндр қабырғасындағы қалыпты сақиналық кернеулердің бөлінуі




С.В + гидро+қар+иіліс
Қуаттың жеке алаңы N_y
Өлшем бірлігі – кН/м^2



а)



С.В + гидро+қар+иіліс
Қуаттың жеке алаңы N_y
Өлшем бірлігі – кН/м^2



б)

а) 1-комбинация; б) 2-комбинация.

21 Сурет - Жүктемелер әсерінен болған цилиндр қабырғасындағы қалыпты меридионалдық кернеулердің бөлінуі

4.2 Есептеу нәтижелері

Есептеу нәтижелері 4,5 Кестелерде берілген.

4, 5 Кестелерде келтірілген кернеулік жағдайдың компоненттері:

$n_{x,Ed}$ – шеңбер ұзындығының бірлігіне түсетін есептік тең әсерлі меридионалдық мембраналық қалыпты кернеулер;

$m_{\theta,Ed}$ – қабық биіктігінің бірлігіне түсетін есептік тең әсерлі сақиналық мембраналық қалыпты кернеулер;

$n_{x\theta,Ed}$ - қабық енінің бірлігіне түсетін есептік тең әсерлі мембраналық қатысты кернеулер;

$m_{x,Ed}$ - шеңбер ұзындығының бірлігіне түсетін есептік меридионалдық майысу сәті;

$m_{\theta,Ed}$ - қабық биіктігінің бірлігіне түсетін көлденең жазықтықтағы есептік сақиналық майысу сәті;

$m_{x\theta,Ed}$ - қабық енінің бірлігіне түсетін есептік көлденең ширату сәті;

4 Кесте - 1-комбинация бойынша есептік кернеулер

учаске №	Кернеулік жағдай компоненттері					
	$n_{\theta,Ed}$	$m_{\theta,Ed}$	$n_{x,Ed}$	$m_{x,Ed}$	$n_{x\theta,Ed}$	$m_{x\theta,Ed}$
	кН/см	кН·см/см	кН/см	кН·см/см	кН/см	кН·см/см
1	25,56	0,642	1,1124	0,685	0,4872	0,208
2	20,16	0,591	0,5067	0,228	0,18	0,074
3	17,36	0,58	0,3744	0,174	0,0968	0,0301
4	14,28	0,462	0,4592	0,135	0,04403	0,0143
5	11,28	0,303	0,4752	0,104	0,0375	0,00913
6	8,52	0,267	0,4206	0,0827	0,04446	0,0185
7	5,442	0,177	0,2982	0,0527	0,0435	0,0197
8	2,322	0,0834	0,225	0,0386	0,03768	0,017
9	1,884	0,0451	0,2148	0,0785	0,072	0,0099

5 Кесте - 2-комбинация бойынша есептік кернеулер

учаске №	Кернеулік жағдай компоненттері					
	$n_{\theta,Ed}$	$m_{\theta,Ed} \times 10^{-3}$	$n_{x,Ed}$	$m_{x,Ed} \times 10^{-3}$	$n_{x\theta,Ed}$	$m_{x\theta,Ed} \times 10^{-3}$
	кН/см	кН·см/см	кН/см	кН·см/см	кН/см	кН·см/см
1	0,09444	7,89	0,2964	6,72	0,144	4,89
2	0,07839	9,62	0,1971	2,36	0,126	2,99
3	0,07944	13,3	0,1312	4,42	0,1056	2,44
4	0,0903	13,8	0,1393	5,06	0,0833	1,65
5	0,099	11,1	0,1602	4,18	0,05778	0,782
6	0,1014	12,1	0,1632	4,48	0,02898	0,277
7	0,1092	11,5	0,1542	4,4	0,03864	0,864
8	0,1134	9,29	0,123	3,62	0,0702	1,75
9	0,204	5,23	0,066	7,16	0,1092	2,64

5 Цилиндрлі қабырғаны есептеу

5.1 Иілімділіктің шекті жағдайы бойынша есептеу (беріктікке есептеу)

5.1.1 Есептеу әдістемесі

ҚР ҚН EN 1993-4-2 5.2.1-тармағына сәйкес изотроптық қабық ҚР ҚН EN 1993-4-1. 5.3.2-тарауының нұсқауларына сәйкес есептеледі.

Есептеу тәртібі:

а) Есептеу қабықтардың сәттік серпімділік теориясы (LA) бойынша орындалғандықтан, тең әсерлі негізгі кернеулердің алынған косөлшемді алаңы тең әсерлі кернеулердің жалған компоненттеріне айналады (ҚР ҚН EN 1993-4-1 5.2. және 5.3. Формулалары):

$$\sigma_{x,Ed} = \frac{n_{x,Ed}}{t} \pm \frac{m_{x,Ed}}{t^2/4}, \sigma_{\theta,Ed} = \frac{n_{\theta,Ed}}{t} \pm \frac{m_{\theta,Ed}}{t^2/4}, \tau_{x\theta,Ed} = \frac{n_{x\theta,Ed}}{t} \pm \frac{m_{x\theta,Ed}}{t^2/4}$$

мұндағы, $n_{x,Ed}$ - шеңбер ұзындығының бірлігіне түсетін есептік тең әсерлі меридионалдық мембраналық қалыпты кернеулер;

$n_{\theta,Ed}$ - қабық биіктігінің бірлігіне түсетін есептік тең әсерлі сақиналық мембраналық қалыпты кернеулер;

$n_{x\theta,Ed}$ - қабық енінің бірлігіне түсетін есептік тең әсерлі мембраналық қатысты кернеулер;

$m_{x,Ed}$ - шеңбер ұзындығының бірлігіне түсетін есептік меридионалдық майысу сәті;

$m_{\theta,Ed}$ - қабық биіктігінің бірлігіне түсетін көлденең жазықтықтағы есептік сақиналық майысу сәті;

$m_{x\theta,Ed}$ - қабық енінің бірлігіне түсетін есептік көлденең ширату сәті.

б) Мизес фондтарының келтірілген есептік кернеулерін анықтау (ҚР ҚН EN 1993-4-1. 5.4.-Формуласы):

$$\sigma_{e,Ed} = \sqrt{\sigma_{x,Ed}^2 + \sigma_{\theta,Ed}^2 - \sigma_{x,Ed} \cdot \sigma_{\theta,Ed} + 3 \cdot \tau_{x\theta,Ed}^2}$$

в) дәнекерленген конструкцияларға арналған баламалық есептеу кедергісі (ҚР ҚН EN 1993-4-1. 5.5 Формуласы):

$$f_{e,Rd} = \frac{f_y}{\gamma_{M0}}$$

мұндағы, γ_{M0} – иілімділіктің шекті жағдайы бойынша жеке қауіпсіздік коэффициенті, $\gamma_{M0} = 1,00$ (ҚР ҚН EN 1993-4-2. 2.9.2.2.3-тармағын қар.).

г) келтірілген тең әсерлі кернеулер бойынша салмақ түсетін қабілеттілікті тексеру (ҚР ҚН EN 1993-4-1. (5.10) Формуласы):

$$\sigma_{e,Ed} \leq f_{e,Rd}$$

д) жеке тең әсерлілік бойынша салмақ түсетін қабілеттіліктер

- меридионалдық бағыттағы салмақ түсетін қабілеттілік (ҚР ҚН EN 1993-4-1. (5.7) Формуласы):

$$n_{x,Rd} = f_u \cdot t / \gamma_{M2}$$

- шеңберлік бағыттағы салмақ түсетін қабілеттілік (ҚР ҚН EN 1993-4-1. (5.8) Формуласы):

$$n_{\theta,Rd} = f_u \cdot t / \gamma_{M2}$$

- жанама кернеулер бойынша салмақ түсетін қабілеттілік (ҚР ҚН EN 1993-4-1. (5.9) Формуласы):

$$n_{x\theta,Rd} = 0,57 \cdot f_y \cdot t / \gamma_{M0}$$

мұндағы, γ_{M2} - иілімділіктің шекті жағдайы бойынша жеке қауіпсіздік коэффициенті, $\gamma_{M2} = 1,25$ (ҚР ҚН EN 1993-4-2. 2.9.2.2.3-тармағын қар.).

е) жеке тең әсерлілік бойынша тексеру (ҚР ҚН EN 1993-4-1. (5.11) – (5.13) Формулалары):

$$n_{x,Ed} \leq n_{x,Rd}, n_{\theta,Ed} \leq n_{\theta,Rd}, n_{x\theta,Ed} \leq n_{x\theta,Rd}$$

5.1.2 Белдеулерді есептеу

5.1.2.1. 1-белдеу

а) тең әсерлі кернеулердің жалған компоненттері:

$$\sigma_{x,Ed1} = \frac{n_{x,Ed1}}{t_1} + \frac{m_{x,Ed1}}{t_1^2/4} = \frac{1,1124}{1,2} + \frac{0,685}{1,2^2/4} = 2,83 \text{ кН/см}^2$$

$$\sigma_{\theta,Ed1} = \frac{n_{\theta,Ed1}}{t_1} + \frac{m_{\theta,Ed1}}{t_1^2/4} = \frac{25,56}{1,2} + \frac{0,642}{1,2^2/4} = 23,08 \text{ кН/см}^2$$

$$\tau_{x\theta,Ed1} = \frac{n_{x\theta,Ed1}}{t_1} + \frac{m_{x\theta,Ed1}}{t_1^2/4} = \frac{0,4872}{1,2} + \frac{0,208}{1,2^2/4} = 0,98 \text{ кН/см}^2$$

б) Мизес фондариының келтірілген есептік кернеулерін анықтау:

$$\sigma_{e,Ed1} = \sqrt{\sigma_{x,Ed1}^2 + \sigma_{\theta,Ed1}^2 - \sigma_{x,Ed1} \cdot \sigma_{\theta,Ed1} + 3 \cdot \tau_{x\theta,Ed1}^2}$$

$$\sigma_{e,Ed1} = \sqrt{2,83^2 + 23,08^2 - 2,83 \times 23,08 + 3 \times 0,98^2} = 21,87 \text{ кН/см}^2$$

в) дәнекерленген конструкцияларға арналған баламалық есептеу кедергісі:

$$f_{e,Rd1} = \frac{f_y}{\gamma_{M0}} = \frac{23,5}{1} = 23,5 \text{ кН/см}^2$$

мұндағы, γ_{M0} – иілімділіктің шекті жағдайы бойынша жеке қауіпсіздік коэффициенті, $\gamma_{M0} = 1,00$;

f_y – қабықтың қабырға табағының аққыштық шегі, $f_y = 23,5 \text{ кН/см}^2$.

г) келтірілген тең әсерлі кернеулер бойынша салмақ түсетін қабілеттілікті тексеру:

$$\sigma_{e,Ed1} \leq f_{e,Rd1} \quad 21,87 \frac{\text{кН}}{\text{см}^2} < 23,5 \frac{\text{кН}}{\text{см}^2} \quad \text{Шарт орындалады.}$$

